

«Жемқорлық - індет,
онымен күресу -
міндет»



5-БЕТ

Тұрмыстық
зорлық-зомбылыққа
жаза қатаң



6-БЕТ

Фарида ЕСІМБАЙ,
Аудиторлық қызмет және
қаржылық есетілік ғылыми-
зерттеу институтының
сарапшысы:

«Шетелдік
компаниялар
мемлекеттік
органдар
тәуелсіздігін
әлсіретеді»



8-БЕТ



• СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

ЗАН газеті

✉ zangazet@mail.ru

№98 (3727)
24 желтоқсан 2024



ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЖЕР БАҒАСЫ АСПАНДАП ТҰР



Қиян шеттегі ауылды қайдам, аудан орталығындағы жер бағасы сіз бен бізді ойландырмай қоймайды. Облыс не үлкен қала орталығына жақын елді мекендерді былай қойғанда, 10-15 мың түтіні бар моноқалалық жерде 10 сотық жер бағасы 2-3 млн теңгеден асып жығылады. Ал мегаполис хәм өзге де қалалардағы нарық бұдан тым жоғары екені айтпаса да түсінікті емес пе?!

(Соңы 3-бетте)

Алтынбек НУХҰЛЫ, Парламент Сенатының депутаты: «ҚАБЫЛДАНҒАН ӘРБІР ЗАҢ МАҢЫЗДЫ»

– Биылғы жылы қандай маңызды заңдар қабылданды?

– Қазақстан Республикасы Парламентінің VIII шақырылымының III сессиясында 16 заң қабылданды. Бұл заңдардың бәрі еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен халықтың мүддесін қорғауды мақсат етеді. Қабылданған әрбір заң маңызды, әрбірінің қоғамдық дамуда өз орны бар.

Палата Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асып жатқан реформаларды және жолдауда, Үкіметтің кеңейтілген отырысында, Ұлттық құрылтайда жүктелген міндеттерді заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету бағытында нәтижелі жұмыс істеп келеді. Сенаттың жалпы отырыстары, комитеттердің көшпелі және кеңейтілген отырыстары, дөңгелек үстелдер, парламенттік тыңдаулар мен мемлекеттік органдар, министрліктер басшыларымен және басқа да кездесулері де табысты жүрде. Әрбір шара бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде белсенді түрде жарияланып, талқыға салынады.

Депутаттар осы сессия кезінде өңірлерге барып, жұртшылықпен кездесті. Онда жергілікті тұрғындарды алаңдатқан өзекті проблемаларға назар аудардық. Оларды зерделеп, оң шешілуіне ықпал етіп келеміз.

Сенат қабылдаған заңдар топтамасының қай-қайсысы да маңызды екені ақиқат. «Мынау бірінші кезекте, мынау заң одан кейін» деп дәрежеге бөлу мүмкін емес. Өйткені, еліміздің дамуы мен халқымыздың әл-ауқатын көтеру үшін әрбір заң маңызды, әрбір баптың ерекше мәні бар, қорғайтын немесе күшіне енгізетін пәрмені бар.

Абай атамның «Ғылым таппай мақтанба» деген белгілі өлеңі еске түседі. Онда ғұлама ақын жастарды білім алуға шақырады, оқуға үндейді. Сондықтан, Сенат қабылдаған заңдардың ішінде білім мен ғылым туралы заңдардың ерекше мәні бар деп есептеймін. Мәселен, биылғы 18 сәуірде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғылым және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң мақұлданды. Ол заңдағы жаңа нормалар ғалымдардың әлеуметтік кепілдіктерін жақсартуға және ғылымда қаржы ресурстарын пайдалануды оңтайландыруға бағытталған. Заң Мемлекет басшысының тапсырмалары мен Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің отырысында белгіленген міндеттерді іске асыру үшін әзірленген болатын.

(Соңы 4,5-беттерде)

• МІНБЕР

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫН ҚОЛДАУДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ТЕТІКТЕРІ ДҰРЫС ЕМЕС

Еліміздің ауылшаруашылығы ресурсқа бай, тәжірибеге кенде болмаса да, ішкі жалпы ұлттық өнімде үлесі аз болып отыр. Бұл көрсеткіш бар болғаны 5 пайыз көлемінде ғана екен. Ауылшаруашылығы саласын қолдау шаралары өз тиімділігін бермей отыр. Жалпы, негізгі себептері белгілі: өнімділіктің төмен болуы, суармалы жер көлемін үлғайту қарқынының баяулығы, суды тиімсіз пайдалану, көлік-логистикалық инфрақұрылымның әлсіз дамуы, материалдық-техникалық жарақтандырудың жеткіліксіздігі және тағы басқалар. Соңғы он жылда агроөнеркәсіптік кешенді дамыту мақсатында бірнеше бағдарлама қабылданды. Солай бола тұра саланы кейінге тартқан мәселелер қордалана түсуде. Неге?

Парламент Мәжілісінде ҚР Жоғарғы аудиторлық палатасының есебі тыңдалған сәтте осы сауалға егжей-тегжейлі жауап тапқандай болды. Жиында баяндама жасаған еліміздің бас аудитору Әлихан Смайыловтың айтуынша, ауыл-

шаруашылығын қолдау шараларының тетіктері дұрыс емес. Мәселен, 5 жыл ішінде субсидиялауға бюджеттен шамамен 2 трлн теңге бөлінді. Алайда бірқатар жүйелі проблемалар олардың әсерін шектеп отыр. Смайылов мырза

олардың бәрін қолмен қойғандай етіп жіктеп берді.

Жалпы, аудит нәтижелері бойынша 142 млрд теңге бюджет қаражатының тиімсіз жоспарланғаны және пайдаланылғаны, 2 млрд теңгеге қаржылық бұзушылықтар анықталыпты. Экономикалық шығындар мен жіберіп алған пайда шамамен 5 млрд теңгені құрады. Бюджетке 2 млрд теңге өтелді және қалпына келтірілді.

Саладағы бірінші мәселе саланы дамытуда стратегиялық жоспарлаудың кемшілігі. Ауыл шаруашылығы министрлігі соңғы 10 жылда бірнеше бағдарламалық құжат қабылдады. Олардың көбі соңына дейін жеткізілмеген. Кейбірінің іске асырылу барысында мерзімінен бұрын күші жойылған. Басымдықтар үнемі өзгеріп отырады. Бұл саланы мемлекеттік қолдаудың тиімді жүйесін құруға кедергі келтіреді. Ал бұрмаланған ведом-

стволық статистикалық деректер нақты бағдарларды қалыптастыруға теріс ықпалын тигізді. Нәтижесінде жекелеген нысаналы индикаторлар тым жоғары деп танылып, сонынан төмендетілген. Бірақ бұл да Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту тұжырымдамасының нысаналы индикаторларының 40 пайыздан астамының табысты іске асырылуын қамтамасыз ете алмады.

Субсидиялау жүйесінде де кемшіліктер бар. Субсидиялардың түрлері мен бағыттары үнемі өзгеріп отырады. Оларды ұсыну тетігі де іске асыру барысында өзгереді. 5 жылдың өзінде 70-тен астам өзгеріс енгізілді. Ережелер жекелеген жағдайларда кешіктіріліп қабылданған. 5 жылдан астам уақыт өтсе де, отандық ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу үлесін, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды үлғайтуды субсидиялау жөніндегі ережелер әлі де жоқ. Бұл осы бастамалар ұсынылған уақытта субсидиялау тәсілдерінің пысықталмауы себебінен орын алды. Мұндай жағдайда ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің жаңашылдықтарға бейімделуі қиын және мемлекеттік қолдау шараларына сенімсіздікті туындауына әкеледі.

(Соңы 3-бетте)

• ҚЫЗМЕТ

СЕНІМ БАР ЖЕРДЕ САПА ЖОҒАРЫЛАЙДЫ

Түркістан облыстық сотының тарихы тереңде. Жұмысын бір арнаға түсірген құрылым талай асуды бағындырып, талай реформаларды басынан кешірді.



Бүркіт БАЙДУЛЛАЕВ, Түркістан облыстық сотының судьясы

Түркістан облыстық сотының бастауында тұрған аға буынның еңбегін ескеріп, қызметін жадымызда жаңғыртып тұру – басты парызымыз. Сондайда облыстық соттың тұңғыш төрағасы Омар Бейсеновтің еңбегін еске алмау мүмкін емес. Омар Бейсенов енді жұмысына кіріскен соттың басы-қасында болып, жаңа ұжымға дұрыс жол көрсете білген білікті маман. 1936 жылы қылмыстық және азаматтық істер жөніндегі алқалар құрылды. 1938 жылдың қаңтарында облыс құрамынан қазіргі Жамбыл, Қызылорда облыстары бөлініп шығып, өздерінің облыстық соттары шаңырақ көтерді. 1962 жылы Оңтүстік Қазақстан өлкесі құрылғанда облыстық сот өлкелік сот болды. ҚР Президентінің 2018 жылғы 18 шілдедегі №717 Жарлығына сай, Оңтүстік Қазақстан облыстық соты Түркістан облыстық соты болып қайта аталды. Содан бері халықтың құқығын қамтамасыз етіп, конституциялық заңдылықтардың бұзылмауына өлшеусіз еңбек сіңіріп келеді.

Бүгінде облыста 23 аудандық және

оған теңестірілген соттар мен 1 облыстық сот бар. Әр облыста арнайы белгілі санаттардағы істерді қарайтын қосымша мамандандырылған соттар жұмыс істейді. Мысалы, отбасы дауларының басым бөлігін Түркістан облысының кемелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты қараса, аса ауыр қылмыстық істерді Түркістан облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты қарайды. Заңды тұлғалардың дауларын қарау Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының құзыретінде. Бұдан бөлек Түркістан қаласының мамандандырылған тергеу соты сотқа дейінгі тергеп-тексеруде сот бақылауын жүргізеді. Жеке тұлғалардың мемлекеттік мекемелер мен сот орындаушыларға қатысты дауларын Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты қарайды. Түркістан қаласында және Сарыағаш ауданында мамандандырылған әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі соттар қызмет атқарады. Бүгінгі таңда облыстағы 99 судья және 270 сот қызметкері өз жұмыстарын мұқият әрі тиянақты жүзеге асырып жүр.

Мемлекеттегі кез келген сот органдары секілді облыстағы бұл мекемелерде өз жұмысында ашықтық пен жариялылықты алға шығарады. Бұл біріншіден, уақыт талабы болса, екіншіден, судья лауазымындағы бұлжымас қағида мен ұстаным. Халықтың сотқа сенімін арттыру бірінші кезекте. Аймақтағы соттардың осы ұстанымда жұмыс істеуіне цифрлық технология, электронды мемлекеттік қызметтің ықпалы зор болды. Ашықтық пен жариялылық ақпараттық технологиялардың арқасында мүмкін процеске айналды. Қазіргі таңда кез келген азамат арыз-шағымын, талабын соттардың электронды сайттары мен ашық платформалары арқылы жіберіп, жауабын алып, қызметке көңілі толмаса, шағымданып қайта кері байланыс орната алатын мүмкіндікке ие болды. Бұдан бөлек, әрбір

азамат ашық сот процесіне тындаушы ретінде қатыса алады, қажетті жағдайда БАҚ өкілдерін шақыртып қатыстыру мүмкіндіктері де, сот процесін тікелей трансляция арқылы өткізу мүмкіндіктері де қарастырылған.

Қазіргі уақытта халықтың құқықтық сауаты артты. Десек те, облыста ұрлық және алаяқтық фактілері жиі бой көтереді. Бұл өте қиын да өзекті мәселе боп тұр. Құқық қорғау органдары халыққа WhatsApp, Telegram және т.б. мессенджерлер арқылы алынған күмәнді сілтемелерді баспауға шақырып, күнделікті пайдалы ақпараттар беріп отырса да, оңай табыс тапқысы келетіндер осындай алаяқтардың құрбанына айналып жатыр. Сілтемелер арқылы өтіп, дауыс берулерге қатысу, парольдерін айтып беру секілді түрлі құйтырқылықтардың торына оңай түсіп қалады. Адамға сенім жақсы қасиет, десек те бүгінгі таңда әр қимылы, қадамын аңдап баспаса, алаяқтарға алдану мүмкіндігі өте жоғары боп тұр. Сондықтан әлі де болса кез келген азаматқа құқықтық тұрғыдағы сауатын арттырған маңызды.

Бұл тұрғыда да жоғарыда айтқан сандық жүйенің маңызы зор. Адаммен жанды байланыстан гөрі, сандық жүйе арқылы қажетті қызметті алу ортадағы алаяқ делдалдардан сақтайды, бюрократиялық шектеулерді болдырмайды, әрі сенімді жауаптар береді. Бұл мәселеде Түркістан облыстық сотының электрондық жүйелері үздіксіз жедел әрі тез жұмыс атқарып тұр.

Түркістан облыстық соты бүгінгі таңда заманауи үрдістерден тыс қалмай, үздіксіз өзінің ашықтығы мен қолжетімділігін арттырып отыр. Мемлекеттегі сотқа қатысты түрлі озық үрдістер облыстық сот тәжірибесіне де бірден еніп, өзінің тиімділігін көрсетуде. Судьялар съезіндегі келелі мәселелер мен жаңашыл бастамалар облыстық сот судьяларының біліктілігі мен бәсекеге қабілеттілігін шыңдап келеді. Заманмен бірге жасап, оң үдерістермен бірге тәжірибесін тереңдетіп келе жатқан кадрлық буын облыстық соттың бүгінгі кескін-келбетін жағымды жаңашыл істермен түлетіп, қайта түзуде. Сенім бар жерде сапа да қашанда жоғары болады.



• ЖАҢАШЫЛДЫҚ

РОБОТ СОТ ОРЫНДАУШЫ: ЖЕДЕЛ, ТИІМДІ, ШЫҒЫНСЫЗ

Биыл әділет органдары үшін жемісті, жеңісті жыл болды. Қаншама жаңа жобалар жүзеге асырылып, көптеген маңызды бастамалар халық игілігіне ұсынылды. Алматы қаласы Әділет департаментінің ғимараты да таяуда күрделі жөндеуден өткізіліп, көпшіліктің пайдалануына берілді.

Бұл ғимараттың 40 жылдан астам тарихы бар. Алайда қарапайым халықпен етене жұмыс істейтін, азаматтардың құқықтық сауатын арттырып қоймай, құқықтық кеңес беру ісімен тыңғылықты айналысып келе жатқан Әділет департаментінің ғимараты халықтан бір сәт те босаған емес. Міне, осы тарихи ел ордасын заманауи талаптарға сай жаңғыртудың сәті биыл түсті.

Бүгінде толық жөндеуден өткен ғимаратта азаматтарды қабылдауға арналған орен sрасе форматындағы бөлмелер қарастырылған. Жаңғырған, жаңартылған ғимараттың ашылуына еліміздің Әділет министрі Азамат Есқараев пен Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев арнайы келіп, салтанатты рәсімге қатысты.

1982 жылы салынған ғимараттың қазіргі бет-бейнесі адам танымастай өзгерген. Алматы қаласы құрылыс басқармасының мәліметінше, ғимараттың құрылымы сейсмикалық тұрғыдан күшейтіліп, функционалдық және эстетикалық сипаттамалары айтарлықтай жақсарған. Ғимараттың іргетасы мен жабындары монолитті темірбетон плитамен бекітіліп, ескі шатырының орнына жаңасы орнатылды. Сонымен бірге,



Берікбол СӨМЕНОВ, Алматы қаласы Әділет департаменті басшысының орынбасары

инженерлік инфрақұрылым толықтай жаңартылды.

Жұмысқа жаңа тәсілдерді қолдану мемлекеттік қызмет көрсету мен құқықтық ағартушылықтың сапасын жоғары деңгейде жақсартуға, қоғамның

дамуына ықпал етеді. Осы ретте Әділет министрлігінің «Робот сот орындаушы» жобасы қазақстандықтардың көңілінен шыққанын айта кету керек. Бұл жобаның тиімділігі жеделдігінде, қолжетімділігінде. Сонымен бірге, азаматтар робот сот орындаушысын әуре-сарсаңды азайтып, қаржылық шығыннан құтқаратын көмекші деп жоғары бағалап отыр.

Жаңа жүйе жыл сайын азаматтардың 5 млрд теңгеге жуық қаражатын үнемдеуге мүмкіндік береді. Мұндай оң өзгеріс Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес азаматтардың қарыз жүктемесін азайту және Әділет органдарының жұмысын цифрландыру мақсатында қолға алынған болатын.

Айта кететіні бұрынғыдағы жеке тұлғалар хабарлама уақытылы келмегендіктен айыппұл алғанын білмей қалатын жағдайлар жиі кездесетін. Оның үстіне қарыз уақытында өтелмеген жағдайда жеке сот орындаушысына айыппұл сомасының 25 пайызын қосымша төлеуге мәжбүр болған. Енді азаматтар бұл шығындардан және сот орындаушыларға бару әуресінен босатылып, уақыты мен қаржысын біршама үнемдей алады.

• ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Еліміздің сот жүйесінде төрт жылда бір рет өтетін судьялар съезінің маңызы зор. Ең алғаш 1996 жылы 19 желтоқсанда «Қазақстан Республикасы Судьяларының одағы» құрылып, республика судьяларының алғашқы съезі өткен болатын. Одан беріде саладағы талай келелі мәселелерді талқылап, алдағы стратегиялық міндеттерді айқындауға негіз болған судьялар съезі дәстүрлі түрде өткізіліп келеді. Биыл да 4 қазанда Астанада Қазақстан Республикасы судьяларының ІХ съезі өтті.

СУДЬЯЛАР СЪЕЗІ – БІРЕГЕЙ ДИАЛОГ АЛАҢЫ

Әр төрт жыл сайын өтетін съездердің мақсаты биік, міндеті ауқымды. Съезді араға төрт жыл салып ұйымдастырудың да өзіндік мәні, маңызы бар. Себебі, төрт жыл сот жұмысының кешегі жағдайы мен бүгінгі ахуалын салыстыра отырып бірегей шешім қабылдауға, жоспар белгілеуге, сонымен бірге жүктелген міндет, берілген тапсырмаларды тиянақты орындап, нәтиже шығаруға жеткілікті уақыт. Содан болар, съездердің өтетін кезін судьялар ғана емес, жалпы сот жұмысынан жіті хабардар болып отырған жұртшылық та асыға күтіп келеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бұл жиынға арнайы қатысуы, халықаралық сот қауымдастығы өкілдерінің жиынға келіп, пікір білдіруі судьялар съезінің өтетін кезін биіктете түседі. Биылғы съезге де ел Президенті келіп, қазақстандық соттың дамуына, судьялардың қызметіне қатысты өз пікір-ұсыныстарын ортаға салып, сот саласын кешенді реформалау ісіндегі қол жеткізген негізгі жетістіктерге тоқталды. Елімізде Конституциялық соттың құрылып, сот жүйесінің институционалдық дербестігі нығайғанын айтқан Мемлекет басшысы әкімшілік әділет институтының, соттағы сандық технология жетістіктерінің халық сенімінен шыққанына ризашылығын білдірді. Шын мәнінде сот жүйесіндегі бұл өзгерістердің барлығы осы судьялар съезінде талқыланып, жүйеге енгізілген болатын. «Келісіп пішкен тон келте болмас» дегендей саладағы мұндай өзгерістердің ортаға салынып, келісе отырып жүйеге енгізілуі жасалынған реформалардың өміршең болуына ықпал етуде.

Съездің әрбір судьяға берері мол. Ең алдымен съезд алаңына еліміздің түкпір-түкпіріндегі судьялар қауымы жиналатындықтан, бұл әріптестік байланыс орнатуға, сырттай білетін судьялармен жақынырақ танысуға жол ашады. Екіншіден, съезд – судьялар үшін тәжірибе мектебі. Шараға келген судьялар мінберде де, мінберден тыс кезде де өз білімімен бөлісіп, әріптестерінің шеберлігін шыңдауға көмек-

теседі. Үшіншіден, съезд сот жұмысындағы мәселелерді бірігіп шешуге, түйткілдерді жан-жақты талқылай отырып реттеуге көмектеседі. Ең бастысы алдағы уақытта сот жүйесін дамыту үшін стратегиялық міндеттерді айқындауға ықпал етеді.

Бүгінгі күнге дейін өткен тоғыз съездің де сот жұмысына серпін беріп, түрлі реформалардың қолға алынуына, көптеген маңызды заңнамалардың қабылдануына алғышарт жасағаны мәлім. Мұнда талқыланған өзекті мәселелер бойынша қаулылар қабылданып, оның міндетті түрде орындалатынына сот қауымдастығы куә.

Мәселен, биылғы ІХ съезд судьялардың жаңа Әдеп кодексінің қабылдауымен тарихта қалады. Ең алғаш Әдеп кодексі судьялардың бірінші съезінде қабылданып, кейіннен заман талабына сай бірнеше рет өзгертілген еді. Ал жаңа кодексте жаңа уақыт талабы міндеттеп отырған көптеген басымдықтар жан-жақты ескерілген. Әсіресе, бүгінгідей ақпараттық заманда судьялар қандай әдептілік қағидаларын сақтауы керек, сыртқы ықпалдан судьялар қалай қорғанады деген сауалдарға Әдеп кодексінде толық жауап берілген. Этика әліппесі саналаған бұл кодекстің сапалы дайындалуына барша судьялар қауымдастығы белсенді үлес қосты. Биылғы Қазақстан Республикасының судьяларының ІХ съезі жаңа Судьялық әдеп кодексі бекітілуімен есте қалды. Дәл қазіргі таңда маңызды болып отырған бұл мәселе жүйедегі талай мәселенің шешіміне айналары анық!

Жаңа Қазақстанның негізгі күші әділетті қоғамға деген халық сенімі. Осы орайда әділеттілік пен адальдық көш бастаған даму жолында Судьялар өз міндеті аясында мінсіз қызмет атқарса, әділетті қоғам құрудың ауылы алыс емес. Сондықтан судьялар съезінде талқыланып, ортаға салынған әділетті қоғам құру жолындағы өзгерістер қоғам игілігіне жарасын деп тілейік!

Нұрлыбек ОРМАХАНОВ, Ақтөбе облыстық сотының судьясы

• ПІКІР

СУДЬЯ КӨМЕКШІСІ ИНСТИТУТЫНАН КҮТЕРІМІЗ КӨП

Реформалар салаға жан бітіреді. Кем-кетігін түзеп, жетістіктерін молайтуға ықпал етеді. Тек жаңа бастамалар қоғам қажеттілігін өтейтіндей, азаматтар талабына жауап беретіндей болуы керек. Міне, сондай қоғамның сұранысына сай келетін жобаның бірі – судья көмекшісі институты.

Судья көмекшісі институты әлемнің озық елдерінің сот жұмысында бұрыннан бар. Бұл жанашылдық өзге елдерде әбден сыналған, қоғамға, елге керектігін әлдеқашан дәлелдеген. Яғни, жаңа институт өркендетті елдерде тиімділігін көрсеткен. Қазақстанда да судья көмекшісі институты заңнамалық тұрғыдан жолға қойылған. Кезінде бұл жоба бірталай соттардың тәжірибесіне енгізіліп, сынақтан өткені мәлім. Алайда, жалпы сот жұмысына әлі күнге енгізілмеген еді. Биыл республика судьяларының ІХ съезінде судья көмекшісі лауазымының артықшылығы мен кемшілігі тағы да жан-жақты талқыға түсті.

Көмекшінің болуы өте ыңғайлы әрі тиімді. Ең алдымен бұл институт судьялардың жұмысын айтарлықтай жеңілдетеді. Көмекшілер судьялардың ақыл-көңесімен заңнамаларды парақтап, құқықтық құжаттармен жұмыс істеу дағдысын қалыптастырады, республикадағы бірыңғай сот практикасын зерделейді, ұқсас істерді қараудың қорытындысына баға береді. Мұндай күрделі мәселелерді көмекшілердің атқаруы судьялардың әрбір іске тыңғылықты дайындалуына жол ашады.

Бүгінде сот корпусында судьялар тапшы. Жыл сайын бірнеше рет судья лауазымына конкурс ұйымдастырылса да, лайықты үміткерлерді табу, іріктеу қиындық тудырады. Ал судья көмек-

шісі болып жұмыс істеген, шеберлігін шыңдаған жастар – дайын судья. Олар тәлімгер судьялардан іс барысын, материалдарды зерделеп, заң нормаларын қараудың құпиясын жетік меңгергендіктен, сот корпусы білікті, білімді мамандармен толысатынына сенім мол. Сонымен қатар, судья көмекшілері сот өндірісіндегі көп істің сапалы да жедел қаралуына жәрдемін тигізеді.

Судья көмекшісі кез келген судьяға бекітіліп берілмейтін де түсініген абзал. Көмекшілер жүктемесі көп, жұмысы қауырт судьяларға ғана беріледі.

Бұл институт еліміздің сот жүйесін дамытуға үлес қосам, судьялықтың қыр-сырын жетік меңгерем дегендерге берілген зор мүмкіндік. Судья көмекшілерінің қызметі төрт бағытта жүзеге асуы тиіс. Яғни, көмекшілер судьяларға біріншіден – сот жұмысын құқықтық тұрғыдан ұйымдастыруға, екінші – ақпараттық бағыттағы жұмыстарды үйлестіруге, үшінші – құжаттармен қамтамасыз ету шараларын бір жүйеге келтіруге, төртінші – процессуалдық бағыттағы қызметтерді жүзеге асыруға қолғабыс етуге көмек береді. Міне, осындай алдына үлкен міндеттер жүктелген жаңа институт тезірек тәжірибеге енгізілсе құба-құп.

Нұрғұл БАТЫРХАН, Жетісу аудандық №2 сотының судьясы АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазақстанда азаматтар өз заңды тәртібін сақтай отырып баспана немесе саяжай тұрғызу үшін жер сатып алатыны белгілі. Ал ауыл шаруашылығы кәсібімен айналысатын ағайын малға жайылым, егінге құнарлы жерді гектарлап іздейді. Жалпы ел бойынша әр өңірде жер бағасы әртүрлі құбылып тұр. Бұған бірнеше мысал да келтіреміз.

Құрылысқа қажет жер бағасын айтсақ...

Мәселен, үй тұрғызуға жер учаскесін алу кезінде мынадай мәселелерге басты назар аударылып отыр. Баға да осыған сай көтеріледі. Айталық, баспана салуды көздейтін адам жерді алмас бұрын сол аумақтың инфрақұрылымына ерекше назар аударатыны рас. Газ, ауызсу, аяқсу, электр желісі тартылған болса, баға да соғұрлым қымбатқа түседі.

Елде 6 немесе 10 сотық жердің сандасы бірінші жүреді. Ал деректерге сүйенсек, республикада мұндай жер учаскелері Түркістан, Жезқазған, Петропавл, Өскеменде аса қымбат емес. Құрылғанына көп жыл болмаған Түркістанның орталығында 6 сотық жер бағасы – 5 млн, ал 10 сотық жер – 15 млн теңгеге дейін барады. Ал қала маңынан іздесеңіз, 2,5 млн теңге бағаны сұраған жер иелері жоқ емес. Өскемен мен Жезқазғандағы баға сәл ұқсайды. Мұнда 6 сотық жер орташа алғанда 5 млн теңгеден асса, 10 сотық жер 11-12 млн теңге тұрады. Орталықтан алыс, яғни, қала сыртындағы баға 500 мың теңгеден бастап жоғарылай береді.

Жердің орташа бағасы, мысалы, 6 сотық жер 10-12 млн, 10 сотық жерді 15-20 млн теңгеден әрі деп бағаласақ, мұндай сомадағы учаскелер Қызылорда, Қостанай, Қарағанды, Атырау, Жамбыл облыстарында сатылып отыр. Ал Батыс Қазақстанда ештеңесі жоқ, құр 6 сотық жердің бағасы – 15 млн теңге-

ден асқан. Қала сырты мен саяжайдағы жер 1 млн теңгеден ары бағаланыпты. Мұндағы 10 сотық жер бағасы тіптен қымбат. Орташа есеппен алсақ, 35 млн теңгені құрайды.

Тұрғын үй тұрғызуға қажет жердің бағасы қай өңірде қымбат? Әрине, бұл жерде мегаполистердің алдыңғы орынға шығатыны сөзсіз. Ондағы көрсеткіштен қалыспай тұрған өңірдің бірі – Маңғыстау. Мысалы, Ақтау қаласында 6 сотық жердің орташа баға-

теңге қаражат дайындайсыз. Дегенмен, қала сыртындағы жер учаскелері қымбат емес, 2,5 млн теңгеден басталып, ал кейбір жекелеген аудандарда 3 жарым млн теңге баға сұраған.

Елордадағы баға Алматыдан арзан,

иесі алдымен алар жерінің аумағынан бөлек, жайылым сапасына мән береді. Сондай-ақ егін ететін фермерлер де топырақ құнарына, су арналарының дұрыс жүргізілгені бірінші есепке алады. Бағасы да осы критерийлерге сай өзгеретіні анық.

Мәселен, егінді мол салатын солтүстік өңірлерді айталық. Сату нарығындағы деректерге сүйенсек, Солтүстік Қазақстан облысында сатылымдағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің аумағы 13-506 гектар арасында десек, оның құны 1 млн мен 30 млн теңге арасында. Ақмолада аумағы 1 гектар мен 11,8 мың гектар арасында ауыл шаруашылық жерлері 1 млн-нан бастап 875 млн теңгеге дейін жеткен. Өңірдегі жер сату жарнамаларының көбі 10 гектарға дейінгі жердің бағасын 20 млн теңгеден ары көрсетіп отыр. Ал Ұлытауда 300 бен 5 мың гектар арасындағы жер бағасы – 1-20 млн теңге арасында. Ақтөбе облысында 1,5-30 гектар арасындағы жер бағасы сапасына қарай 350 млн теңгеге дейін барады.

Оңтүстікте баға басқаша. Мысалы Түркістан облысында ауыл шаруашылығы жерін 1 гектардан 1,5 мың гектарға дейін сатып ала аласыз. Құны да әрқалай, шамамен 2 млн-нан басталып, 230 млн теңгеге дейін көрсетілген. Дұрысы, көп жағдайда жердің құны оның орналасуына (тау етегі, жазықтық, т.б.) байланысты қойылыпты. Ал Шығыс Қазақстанда аумағы 1,5 мың гектарға дейінгі учаскелер 1-200 млн теңге арасында бағаланыпты. Көп жағдайда бір гектардың бағасы 1 млн теңге шамасында тұр.

Оған көршілес Қызылорда облысында 5 гектардан 1 мың гектарға дейінгі жердің құны 1,2-80 млн теңге арасында. Өңірде жалғыз трансшекаралық өзен – Сырдария болса, оған жақын

жердің де бағасы қымбат болатыны анық. Жарнамада көрсетілгендей, су қоймасына және саяжайға жақын жердегі 20 гектар жерге 80 млн, ал бақша мен көкөніс егуге құнарлы 29 гектар жерге 47 млн теңге сұрағандар бар.

Батыста жер бағасы өзгелерден арзанырақ. Мәселен, Маңғыстауда жер учаскесінің қымбаты – Каспий жағалауында. Жалпы өңірде баға 1,2 млн мен 50 млн теңге арасында тұр. Сондай-ақ Жамбыл облысында 3 гектардан 1,3 мың гектарға дейінгі жайылымдық жер бағасы 1,8-264 млн теңге арасында сатылуда.

Бидайын да егін, төрт түлігін де баптай білетін Қостанай облысында 8 гектардан 10 мың гектарға дейінгі жер бағасы 900 мың мен 50 млн теңге арасында кезігеді. Ал шығыстағы Абай облысында 5 гектардан бастап 1,3 мың гектарға дейінгі жер көлемі 3-60 млн теңге арасында саудаланып отыр.

Қарағандыдағы жер бағасы 3 пен 200 млн теңге (2 мен 7,5 мың гектар аралығы) арасында сатылса, Алматы облысында баға басқа өңірлерге қарағанда қымбатырақ. Бұл өңірде 1 гектардан 10 мың гектарға дейінгі аралықтағы жерлер бағасы 400 мыңнан басталып, 7 млрд теңгеден асып жығылады. Оған көршілес орналасқан Жетісу облысында да баға арзан емес. Саудаға түскен 2 мың гектарға дейінгі ауыл шаруашылық жері көлеміне қарай 1,2 млн-нан бастап, 1 млрд теңгеге жуық баға сұрап отыр.

Мейлі баспанаға, мейлі шаруашылық жүргізуге болсын, жердің қажет емесі жоқ. Демек, мақала барысында айтқандай, тек оның орналасу аймағы мен топырақ (жайылымдық, құнарлы өлке) сапасына қатысты бағасы да «бас шалқайтатынын» аңғарғандаймыз.

Шернияз ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ

Бидайын да егін, төрт түлігін де баптай білетін Қостанай облысында 8 гектардан 10 мың гектарға дейінгі жер бағасы 900 мың мен 50 млн теңге арасында кезігеді. Ал шығыстағы Абай облысында 5 гектардан бастап 1,3 мың гектарға дейінгі жер көлемі 3-60 млн теңге арасында саудаланып отыр.

сы – 18 млн болса, 10 сотық жер – 25 млн теңге шамасында. Ал орталықтан алыс-жақындығы, сондай-ақ теңіз жағалауына қашық еместігіне байланысты баға да әртүрлі, 1 жарым млн теңгеден бастап құны өсе береді.

Жоғарыда айтқандай, тұрғын саны миллионнан асатын үш ірі қала – Шымкент, Астана, Алматыдағы жер бағасы облыстарға қарағанды тым жоғары. Айталық, Шымкенттен 6 сотық жер алу үшін кемінде 18-20 млн теңге қалтаңызда болу керек. 10 сотық жер 25 млн теңгеден басталады. Осы көлемдегі учаскелер қала сыртында 2 млн теңгеден бастап саудаланатын болған.

Оңтүстік астана Алматыдағы баға тіптен аспандап тұр. Кейбір өңірлер мен үлкен қалалардағы 3-4 бөлмелі пәтер құнына таттындай. Мысалы, Алматыдан 6 сотық жер алу үшін 55-60 млн теңге қажет. Ал 10 сотыққа 90 млн

бірақ онша көп айырмашылық та жоқ. Олай дейтін себебіміз, Астанадағы 6 сотық жердің бағасы орташа есеппен 30-35 млн теңгеден басталса, кейбір осы көлемдегі жер бағасы тура Алматымен бірдей. 10 сотық жер іздегендерге 46-48 млн теңгеден бастап қаражат жинауына тура келеді. Сондай-ақ бас қаланың маңындағы жердің бағасы да құбылып тұр. 1,2 млн теңгеден 10 млн теңгеге дейін сомадағы учаскелердің жарнамасы жетерлік.

Қожалыққа керек жер құны ше..?

Баспана салуға қажет жерді алардан бұрын ол аумаққа тартылған инженерлік-инфрақұрылымдық желілердің рөлі маңызды екенін айттық. Бұл мәселе – ауыл шаруашылығы құрылымдарына да байланысты. Шаруа қожалығының

• КӨЗҚАРАС

Тіл – халықтың жаны, елдің бостандығын, оның ұлттық ұлылығын бейнелейтін, ұлттық қадір-қасиетін, ұлттық қазынаның өзегін анықтайтын рухани негіз және басты күш. Тіл – ұлттық болмысты бейнелейтін және халықты бірлікке шақыратын біріктіруші құрал. Сондықтан мемлекеттік тілді білу өмірдің қажеттілігі, дәуірдің қажеттілігі, қоғам қажеттілігі екенін мойындаған жөн.

КӨЗ – ЖАННЫҢ, ТІЛ – ҚОҒАМНЫҢ АЙНАСЫ

Мемлекеттік тіл – қазақ тілі елдің барлық азаматтары үшін ұлты мен нәсіліне қарамай, өзекті тілге айналуы тиіс. Өйтпесе, ол болмауы керек. Бұған дәлел, мысалы, әрбір өркениетті елде мемлекеттік тілдердің басым болып табылатындығын байқауға болады. Бұл елдің барлық азаматтары бір тілде сөйлейді.

Қазіргі таңда мемлекеттік тілдің қолданылу аясы жыл санап ұлғайып келеді. Мемлекеттік органдар, оқу ордалары, қоғамдық орындарда тіліміздің қолданыс кеңістігін ұлғайту үшін жағдайлар жасалуда.

Егер бір шаңырақ астында тату-тәтті тұратын түрлі этнос өкілдерінің қазақ тілін жалпыға бірдей меңгеруі үшін барлық күш-жігер жұмсалса, онда «бір ұлт – бір ел» ұстанымы жүзеге асырылады.

Қазақ тілі өмірдің барлық салаларында үстемдік етеді, барлық жерде қарым-қатынас тіліне айналады. Бұл, әрине, біздің мемлекетіміздің маңызды жетістігі болмақ.

Біздің егемендігіміз, тәуел-



Айдана ӘБДУӘЛИЕВА,
Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының бас маманы – сот отырысының хатшысы

сіздігіміз ақыры ұлтты біріктіретін құндылыққа ие. Бұл біздің мемлекетіміздің егемендігінің тәжіндегі басты гауһар.

Біздің әрқайсысымызда сарқылмас энергия, жарқын ойлар мен жақсы ниеттер болуы керек!

• МІНБЕР

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫН ҚОЛДАУДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ТЕТІКТЕРІ ДҰРЫС ЕМЕС

(Соңы. Басы 1-бетте)

Субсидиялау көлемі артып келеді, алайда оларды тиімді пайдалану мәселесі шешілген жоқ. Субсидиялаудың нақты басымдықтары белгіленбеген. Бұл субсидия қаражаттың көптеген бағытқа шашуға ықпал етеді. 17 бағыт бойынша 67 субсидия түрі бар, ал олардың әсері шамалы. Сонымен қатар, нақты нысаналы индикаторлар айқындалмаған. Сарапшылардың бағалауы бойынша, бағыттардың көпшілігіне байланысты субсидиялардың бірқатары 2 есе аз қаржыландырылады. Көп жағдайда субсидия алуға берілген өтінімдердің орындалуы 2 жылға дейін созылады. Субсидия алушыларға бағалау жүргізілмейді. Мұның бәрі өз қызметін субсидия алғанға дейін немесе одан кейін тоқтатқан 2,5 мыңнан астам субъектіге 5 млрд теңге субсидия төленуіне әкеп соққан. 5,4 млрд теңгеге субсидия алғандардың 3 мыңға жуығы, тіпті агроөнеркәсіп кешенінің субъектілері емес. Сонымен қатар, субсидия алушылардың көпшілігі мұндай қолдау шараларын түпкілікті нәтижеге көздемей, өздерінің шығындарын өтеу бойынша мемлекеттің міндеті ретінде бағалайды. Субсидияларды төлеу «әлеуметтік сипатқа» ие болып отыр.

Субсидиялардың әсерін бағалаудағы формализм бар. Жоспарлау кезеңінде бюджеттік субсидиялардың экономикалық әсерін айқындауға Ауыл шаруашылығы министрлігі 2022 жылғы ғана кіріскен. Алайда, барлық бағытты қамтымайды. Мал шаруашылығы және өсімдік шаруашылығындағы бюджеттік субсидиялардың экономикалық әсерінің көрсеткіші жай ғана өндіріс көлемінің өсуімен шектеледі. Бұл ауыл шаруашылығындағы сапалы өзгерістерді көрсетпейді.

Смайлов мырзаның айтуынша, бұл олқылықтардың алдын алудың бір жолы – субсидиялау процесін автоматтандыру қажет. Алайда, «Gosagro.kz» мемлекет-



тік субсидиялау ақпараттық жүйесі енгізілгеннен кейін толығымен іске қосу жұмысы күні бүгінге дейін аяқталмады. Жүйе тәжірибелік пайдалану режимінде 2 жыл жұмыс істеп тұрса да субсидиялардың негізді бөлінуіне бақылауды толық қамтамасыз етпейді.

Сонымен қатар, субсидиялаудың қарапайым және айқын алгоритмі жоқ. «Ісінді тындыр – көмегінді аласың» дегендей, шаруашылықтар түпкілікті нәтиже бойынша субсидия алуы тиіс. Сонда ғана субсидиялардың арқасында жұмыс істеп тұрған тиімсіз шаруалар одан әрі дамығысы келетін адал фермерлерге жол береді. Субсидиялар өнімділікті арттыруға және озық агротехнологияларды енгізуге ынталандыруы тиіс.

Жиньда сөз алған депутаттар бас аудитордың сөзін одан ары жандандырды. Мәселен, Парламент Мәжілісінде Аграрлық мәселелер комитетінің төрағасы Серік Егізбаевтың айтуынша, субсидияларды төлеудің қолданыстағы тәжірибесі көбінесе тауар өндірушілер мен жеткізушілер бағасының өсуіне алып келеді. Техника, мине-

ралдық тыңайтқыштар, пестицидтер сатып алуды қаржыландыру тетіктерін өзгертуге қатысты бағаның негізсіз өсуін болдырмау үшін баға қалыптасуына тұрақты бақылау жасау қажет. Сондай-ақ, аудит жүргізілген кезеңде берілген жалпы қаражат көлемінің 70%-ы техника сатып алуға көзделген екен, алайда бұл мақсаттарға жеңілдікті несиелеу және лизинг бағдарламалары қарастырылған. Мұндай инвестициялық салымдарды жаңа өндірістік қуаттарды қалыптастыруға, реконструкциялауға, кеңейтуге басымдық беру орынды. Сонымен қатар, саланы қолдауға бөлінетін бюджет қаражатының шектеулі болуына байланысты мемлекеттік қолдау шараларын жүзеге асыру кезінде нақты мерзімдерді белгілеу мәселесін қарастыруы тиіс. Ал, шағын шаруашылықтарды дамыту үшін субсидиялар алуы, өткізу нарықтары мен жаңа технологияларға қошеу мүмкіндік беру арқылы оларды кооперативтерге біріктіруді ынталандыру қажет.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Заң жобасын әзірлеуге Парламент депутаттары бастамашы болды және соның бірі болғанымыз айтсам, артық емес шығар. Заң туралы Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев: «Жаңа норма ғалымның мәртебесін көтеруге, ғылыми қызметкерлерді ынталандыруға және талантты жастарды ғылыми қызметке тартуға бағытталып отыр. Атап айтқанда, заң ғылыми-педагогикалық және ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысатын мұғалімдердің негізгі жалақысына қосымша ақы белгілеуді көздейді. Сондай-ақ жетекші ғалымдарға ғылыми жұмысты аяқтау үшін ақылы шығармашылық демалыс алу құқығы қарастырылды. Мерзімді әскери қызметті өткерген азаматтарға да жоғары оқу орнына түсу кезінде жеңілдіктер беріледі. Мақұлданған заң отандық ғылымды және еліміздің білім беру жүйесін одан әрі дамытуға оң септігін тигізеді деп сенеміз», – деген болатын.

Жалпы, білім беру саласына арналған заңдар күн тәртібінде түскен емес. Таяуда ғана біз Сенаттағы Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің отырысында жаңа заңды талқыға салдық. Ол білім, мәдениет және креативті индустрия мәселелеріне қатысты «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі, ақпарат, қоғамдық даму, мәдениет және архив ісі салаларында артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң еді. Онда мемлекеттік органдардың жұмысын оңтайландыру және негізгі салалардағы өзара іс-қимылды жақсарту мақсаты көзделіп отыр. Мәдениет, білім беру және мұрағат ісі салаларын шамадан тыс регламенттеу қысқарып, жаңашылдық қадамдарын қолдау тетігі жақсара түсетін болады. Заңнамаға ұсынылған өзгерістер бюрократия кедергілерін азайтуға бағытталған. Ол білім, мәдениет және мұрағат ісі сияқты маңызды салаларды дамыту жөніндегі үдерістерді едәуір жеделдетуге мүмкіндік береді. Мемлекеттік органдардың сапалы жұмысы мен азаматтар жағдайын жақсарту жөніндегі неғұрлым икемді және тиімді жүйені құруға бағытталған.

Талқылау барысында Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің депутаттары заңдағы білім алу саласындағы жинақтау жүйесін дамытудың маңыздылығын басым бағыттардың бірі ретінде атап өтті. Бұл жүйе ата-аналарға балалардың біліміне ақша жинауға және сол үшін балалардың шотына мемлекеттен сыйлықақы алуға көмектеседі. Заңда ұсынылып отырған «Келешек» жүйесі Қазақстанда да, шетелде де білім беруге ақша жинақтау үшін қолжетімді және ашық жағдай жасауда маңызды қадам болып табылады. Осы бастама салымшыға мемлекеттік сыйлықақыны қамтамасыз етеді және инвестициялық табыс алуға мүмкіндік береді. Бұл жүйе халықтың ауқымды бөлігіне тартымды әрі қолжетімді болады деп сенеміз. Бастамалар азаматтарға білім беру және мәдениет саласында қосымша мүмкіндік туғызды және оларды қолжетімді етеді. Сонымен қатар ұлттық индустрияның дамуын ынталандырады және нәтижесінде еліміздің экономикалық, мәдени дамуына оң әсер етеді.

– Халықты әлеуметтік қол-

дауға қатысты қандай жаңа тетіктер жасалды?

– Біздің комитетте биылғы наурыз айында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң талқыланды. Бұл құжат халықтың сапалы медициналық көмекке қол жеткізуді жақсартуға, пациент құқығын қорғауды күшейтуге, сондай-ақ медицина қызметкерінің беделін арттыруға көмектеседі. Заң медицина қызметкерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру жүйесін енгізуге, медицина және фармацевтика қызметкерлеріне әлеуметтік кепілдік белгілеуге, медицина мамандығының мәртебесі мен тартымдылығын арттыруға бағытталған. Заңның қабылдануы медицина қызметкеріне кәсіби қауіптерді азайтуға, медициналық қызмет алу кезінде азаматтар құқығын қорғау, сондай-ақ медициналық көмек көрсету сапасын арттыруға ықпал ететін болады.

– Бюджет кодексіне қандай жаңалықтар бар?

– 2025–2027 жылдарға арналған республикалық бюджет параметрлері бюджеттік қағидалардың сақталуын және бюджет шығысының әлеуметтік-экономикалық дамудың басым бағыттарына шоғырлануын ескере отырып айқындалды. Бюджеттің басым міндеті мемлекеттің әлеуметтік

өнім өндірісі мен айналымы саласындағы заңнаманы жетілдіру мақсатында әзірленді және органикалық өнімнің ішкі нарығын қалыптастырып, дамытуға, отандық тамақ өнімдерін өндірушілерді органикалық өнім өндіруге ынталандыруға және олардың сыртқы нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған. Заң елдегі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сапалы және экологиялық таза өнімді тұтынуға оң әсер етеді.

Жуырда ғана Сенатта азық-түлік қауіпсіздігі мәселесіне арналған парламенттік тыңдау өтті. Онда қатысушылар саланы дамытуға қатысты өзекті түйткілдерді талқылады. Сондай-ақ олар өздерінің ұсыныстарын білдіріп, мүдделі тараптармен алдағы бірлескен жұмыстың басым бағыттарын белгіледі.

Тыңдау барысында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мемлекеттің алдында тұрған стратегиялық міндеттердің бірі екені айтылды. Қазіргі таңда Қазақстан егістік жерлер мен жайылымдар бойынша әлемде 6-орын алады. Сондай-ақ еліміз бидай экспорттаушы мемлекеттердің алғашқы ондығына және үн экспорты бойынша көшбасшылар қатарына кіреді. Осы ретте соңғы бес жылда ауыл шаруашылығындағы негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 2 есеге жуық өскенін атап өткен жөн. Тамақ



Алтынбек НУХҰЛЫ, Парламент Сенатының депутаты:

«ҚАБЫЛДАНҒАН ӘРБІР ЗАҢ МАҢЫЗДЫ»

міндеттемелерін орындау және Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру болып қала береді. Бюджет шығыстарының басым бағыты мемлекеттік әлеуметтік міндеттемелерді толық көлемде орындау және ғылымды, білім беруді, медицинаны қолдауды күшейту арқылы адами капиталды дамыту болып қалады. Атап айтқанда, республикалық бюджет шығысының жалпы көлемі 2025 жылы – 25 750 млрд теңге, 2026 жылы – 23 168 млрд теңге және 2027 жылы 24 566 млрд теңге сомасында жоспарланып отыр. Қаражат ағымдағы жағдайларға бейімделе отырып, экономикалық үлгі қалыптастыруға, мемлекеттік қаржының тұрақтылығын қамтамасыз етуге және халықтың табысын арттыру үшін тиісті жағдай жасау арқылы азаматтардың әл-ауқатын жақсартуға бағытталады. Бюджет шығысының бірінші кезектегі бағыттары мемлекеттік әлеуметтік міндеттемелерді толық көлемде орындау, ғылым және білім беруді, медицинаны қолдауды күшейту арқылы адами капиталды дамыту болып қала береді.

– Ауыл шаруашылығын дамытуда қандай мәселелер шешімін тапты?

– Аграрлық мемлекет ретінде біздің елімізде ауыл шаруашылығы басымдыққа ие саланың бірі. Соған орай, ауыл шаруашылығын дамытуға қатысты заңдар да қабылдануда. Солардың бірі – «Органикалық өнім өндірісі және айналымы туралы» заң органикалық

өнімдерін өндіру саласы да дөйекті түрде дамып келеді. Бұл бағыт өңдеу өнеркәсібінің шамамен 14 пайызын құрайды. Дегенмен, бірқатар әлеуетіміз бола тұра еліміздің ауыл шаруашылығы саласында түйін тарқатылмаған түйткілдер аз емес.

Президентіміз Қасым-Жомарт Токаев 2028 жылы елімізде өңделген ауыл шаруашылығы өнімдерінің үлесін 70 пайызға дейін жеткізуді міндет еткен болатын. Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің бірінші форумында Мемлекет басшысы аграрлық саланы одан әрі дамытудың стратегиялық бағыттарын да белгілеп берді. Шын мәнінде, бұл саладағы әлеуетіміз зор екені белгілі. Алайда, осындай артықшылықтарға қарамастан, бүгінде ауыл шаруашылығы секторында бірқатар өзекті мәселе бар. Жалпы, ауыл шаруашылығының дамуына тұсау болып отырған кедергілер қатарында техникалық жабдықтаудың жеткіліксіздігі, заманауи инновациялық технологияларды тиісті деңгейде пайдаланбау, тұрақты өткізу нарығының болмауы, агроғылымның кенжелеп қалуы сияқты өзекті мәселелер бар. Сондықтан проблемаларды оңтайлы шешіп, аграрлық сектордағы жағдайды жақсарту үшін мемлекеттің, бизнестің және ғылымның кешенді тәсілі мен бірлескен күш-жігері қажет.

Президент тапсырмаларын орындау аясында ауыл шаруашылық өнімдерін өңдеу салына субсидиялау, агросекторды қаржыландырудың тиімді теті-

гін қалыптастыру керек. Сондай-ақ тұрақты өткізу нарығын қамтамасыз ету, дәстүрлі нарықтағы позицияны сақтап, оны одан әрі нығайту, азық-түлік өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін арттыру және агроғылымды дамыту мәселелеріне де баса мән берген жөн. Алдымызда осындай ауқымды міндеттер тұр. Сондықтан азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған тың әрі тиімді шешімдер әзірлеудің маңызы зор. Бұл жұмыстар мүдделі тараптардың кешенді және бірлескен күш-жігерін талап етеді.

Парламенттік тыңдауда сенаторлар ғалымдармен, сарапшылармен, сондай-ақ қоғамдық ұйым және бизнес өкілдерімен бірлесіп, қолжетімді азық-түлік жүйесін қалыптастыру мәселесін талқылады. Қоғамдық тамақтану орындарында, әсіресе, мектеп асханаларында азық-түліктің сапасы мен қауіпсіздігіне, азық-түлік бағасының қолжетімділігіне және жеткізу саласындағы өңірлердегі теңгерімсіздіктерді жоюға қатысты түйткілдерге де ерекше назар аударылды. Шараға қатысушылар отандық өнім үлгіяйтудың, импортқа тәуелділікті төмендетудің және жергілікті өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың маңызына айрықша тоқталды. Қазіргі таңда азық-түлік қауіпсіздігі азық-түліктің физикалық қолжетімділігін ғана емес, оны сатып алудың экономикалық мүмкіндігін, жеткізудің тұрақтылығын және тиімді пайдалану мәселелерін де

қамтитыны айтылды. Климаттың өзгеруі, экономикалық тұрақсыздық және халық санының өсуі сияқты жаһандық сын-қатерлер жағдайында азық-түлік қауіпсіздігі орнықты даму мен әлеуметтік тұрақтылықтың негізгі элементіне айналып отырғаны да сөз болды. Сарапшылар мен мемлекеттік органдардың өкілдері жергілікті өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың маңызды екеніне баса мән берді. Сондай-ақ талқылау кезінде жеке инвестицияларды тарту, ауыл шаруашылығы өндірісін жаңғырту және тұрақты өткізу нарығын қамтамасыз ету арқылы ғана азық-түлік қауіпсіздігі саласында елеулі табыстарға қол жеткізуге болатыны айтылды.

Парламенттік тыңдау аясында ұйымдастырылған көрмеде ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу және органикалық егіншілік саласындағы озық үлгілер көпшілік назарына ұсынылды. Айта кетейік, бүгінде Ұлттық аграрлық-ғылыми орталық ғылыми шешімдерді енгізу бағытында белсенді жұмыс жүргізіп келеді. Қазақстанда 2015 жылдан бастап өсімдік шаруашылығын, мал шаруашылығын және қайта өңдеуді қамтитын 686 ғылыми әзірлеме дайындалған. АӨК-ті цифрландыру аясында мал шаруашылығында, егіншілікте, өсімдіктерді қорғау бағытында есепке алу, мониторинг жүргізу және шешім қабылдау жүйесі де әзірленгенін атап өткен жөн.

Жалпы, әлеуметтік салаға аса көп

• БАЗЫНА

ҰЛТТЫ ДАРАЛАЙТЫН БІРЕГЕЙ БЕЛГІ

Тілдің маңызы, құндылығы туралы түсіндіру артық. Себебі, тіл – ең алдымен ұлтты даралайтын бірегей белгі. Тіл – ақылдың өлшемі, ұлттың ұйытқысы. Тіл сонымен бірге қарым-қатынас құралы, ел мен ел арасын жалғайтын алтын көпір.



Қоғамның бүтіндігін сақтап, халықтың ынтымағын арттыруға өлшеусіз үлес қосқан тілдің ұрпақ тәрбиесіндегі орны да орасан. Сондықтан да біз қазақ тілін мемлекеттік рәміздермен қатар қоямыз. Мемлекеттік Туға, Елтаңбамыз бен Әнұранымызға құрмет қандай биік болса, мемлекеттік тілге деген құрмет сондай жоғары. Мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыруға, мазмұнын байытуға қатысты іс-шаралардың әр салада қолға алынуына да ең алдымен тілге деген ерекше сүйіспеншілік пен ұлттық рухтың әсер еткені даусыз.

Отандық сотта да мемлекеттік тілдің барын жетілдіріп, жоғын түгендеуді мақсат еткен ауқымды жұмыстар тұрақты түрде қолға алынып келеді. Маңғыстау облысының соттары қазақ тілін дамытуға қатысты іс-шараларда өте белсенді. Біздің аразымызда мемлекеттік тілді білмейтін адам жоққа тән. Аймақ халқының бәрі дерлік қазақ тілінде еркін сөйлеп, еш қиындықсыз ойын жеткізеді. Соның нәтижесінде сот істерінің мемлекеттік тілдегі үлесі басқа өңірлермен салыстырғанда айтарлықтай жоғары.

Сонымен қатар, Маңғыстау облысының соттары барлық жиналыстарды, сот тәжірибесін қалыптастыруға, соттағы түйткілді мәселелерді тарқа-

туға қатысты жиындар мен дөңгелек үстелдерді мемлекеттік тілде ұйымдастырады. Заңдарды түсіндіру, соттың бірінғай тәжірибесін таныстыру бойынша қазақша жазылған сараптамалық, сапалы мақалалардың көбеюіне де Маңғыстау облыстық соттарының судьялары мен сот әкімшілігі мамандарының үлесі зор. Бұл аймақ судьяларының қоғаммен бірге дамып, азаматтардың талап-тілегін ескере отырып жұмыс істейтінін дәлелдесе керек.

«Адамға екі нәрсе тірек тегі, Бірі – тіл, бірі – ділің жүректегі», – деп Жүсіп Баласағұн бабамыз айтқандай, кез келген мемлекеттің, елдің ең негізгі тірегі сол ана тілі. Тіл байлығы – әрбір ұлттың мақтанышы болғандықтан, әр азамат өзінің ана тілін, көзінің қарашығындай қарап, оның орынсыз шұбарлануына қарсы тұруға тиіс. Ал мәңгілік еліміздің тілі мәңгі жасауы үшін, ана тілімізді қастерлеп, мерейін өсіріп, мәртебесін сақтау баршамыздың басты міндетіміз.

Бауыржан БОРАНБАЕВ,
Маңғыстау облысы бойынша
Сот әкімшілігі департаменті
ұйымдастыру-талдау бөлімінің
басшысы

көңіл бөлінді, әсіресе, балалардың құқығын қорғау бойынша айрықша нормалар қабылданды. Ұлттық қордан балалардың есепшотына қаржы аудару тетігі қаралды. Орта білім беру ұйымдарында ұялы байланыстың абоненттік құрылысын пайдалану қағидаларын бекіту, бірінші сыныпқа тестілеусіз қабылдау, балабақшаларға орын беру бойынша бірыңғай кезектілікті қамтамасыз ету, білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылықты насихаттайтын, өзін-өзі өлтіруге итермелейтін, діни сипаттағы және т.б. ақпараттың таралуына жол бермеу жөнінде шаралар қабылданды. Балаларды құмар ойынға тартқандар әкімшілік заң бойынша жазаға тартылатын болды. Кәмелетке толмаған балаларға зорлық-зомбылық көрсеткені үшін берілетін жаза қатаңдады. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, әйелдер мен балаларға қатысты қылмыстың алдын алуға арналған заң қабылданды.

Өзіңіз қандай ұсыныстар қосыңыз? Қабылданғаны бар ма?

«Ғылым және технологиялық саясат туралы» заң бойынша ғылыми инфрақұрылымның негізгі элементтерін, ғылыми ұйымдарды қаржыландыру тәртібін, ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті коммерцияландыру бағдарламаларын іске асыруда ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет субъектілеріне жәрдемдесу шараларын, сондай-ақ ғылыми қызметті мемлекеттік қолдау тәртібін айқындайтын нормаларды енгізуге септігімді тигіздім. Сонымен бірге, ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижесін коммерцияландыру тетіктері бекітіліп, оған қатысушылар мен олардың құқықтары нақты көзделді.

Өзім өмір бойы ғылым және білім беру саласында қызмет атқарып келе жатқандықтан, Парламент Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесімін. Бұл комитетте қаралатын заңдар ауқымды саланы қамтиды. Білім, ғылым, мәдениет, рухани, әлеуметтік саланың аясы өте зор. Сондықтан, бізде жұмыс жетерлік. Үкіметтен келген заң жобалары мен Мәжілістен қабылданып келген заңдарды мейлінше жедел және сапалы қарауға, жан-жақты талқылауға, өмірге қажетті заң ретінде мақұлдауға өзіміздің үлесімізді қосып келеміз.

Сіз мүшесі болып табылатын комитет бойынша қандай заңдар өтті?

Біздің комитетте «Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде ғылыми дәрежелер туралы құжаттарды өзара тану туралы келісімді ратификациялау туралы» заң қаралған болатын. Заңның негізгі мақсаты Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде ғылыми дәрежелер туралы құжаттарды өзара тану туралы келісімді ратификациялауға негізделген. Келісім Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер азаматтарының ғылыми дәрежелерін олардың аумағындағы еңбек көші-қоны шеңберінде тануды көздейді. Келісімге сәйкес, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор, ғылым кандидаты және ғылым докторы сияқты ғылыми дәрежелер туралы құжаттар, мұндай құжаттардың иелері жұмысқа орналасу мемлекетте белгіленген ғылыми дәрежесі үшін үстемеақыларға үміткер болған жағдайларды қоспағанда, ұлттық тану рәсімдері жүргізілмей танылады.

Тағы бір қаралғаны «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заң бол-

ды. Заңның мақсаты ғылым және технологиялық саясат мәселелері бойынша мемлекеттік саясаттың құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық негіздерін жетілдіру болып табылады. Заң ғылымды басқару моделін жетілдіруге, Ғылым қорының қызметін регламенттеуге, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының құқықтық мәртебесін айқындауға бағытталған құқықтық нормаларды көздейді. Сондай-ақ ғылыми инфрақұрылымның негізгі элементтерін, ғылыми ұйымдарды қаржыландыру тәртібін, ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет субъектілеріне олардың ғылыми және ғылыми-техникалық қызметінің нәтижелерін коммерцияландыру бағдарламаларын іске асыруда жәрдемдесу шараларын ай-

наларын төлеу жөніндегі агенттер деп тану мақсатында Әлеуметтік кодекске интернет-платформаларды және платформалық жұмыспен қамтудың мобильді қосымшаларын пайдалану отырып, қызметтер көрсету немесе жұмыстарды орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын адамдарды әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі нормалар енгізіледі.

Биыл заңдар қай тілде келді?

Парламентке заңдар қазақ және орыс тілдерінде келеді. Қазақстан Республикасының шет мемлекеттермен екіжақты халықаралық шарттары Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілінде және тараптардың келісуі бойынша өзге де тілдерде жасалады.

Мемлекеттік тіл туралы

Әлеуметтік салаға аса көп көңіл бөлінді, әсіресе, балалардың құқығын қорғау бойынша айрықша нормалар қабылданды. Ұлттық қордан балалардың есепшотына қаржы аудару тетігі қаралды. Орта білім беру ұйымдарында ұялы байланыстың абоненттік құрылысын пайдалану қағидаларын бекіту, бірінші сыныпқа тестілеусіз қабылдау, балабақшаларға орын беру бойынша бірыңғай кезектілікті қамтамасыз ету, діни сипаттағы және т.б. ақпараттың таралуына жол бермеу жөнінде шаралар қабылданды. Балаларды құмар ойынға тартқандар әкімшілік заң бойынша жазаға тартылатын болды. Кәмелетке толмаған балаларға зорлық-зомбылық көрсеткендерге жаза қатаңдады. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, әйелдер мен балаларға қатысты қылмыстың алдын алуға арналған заң қабылданды.

заң қажет деген пікірге қалай қарайсыз?

Ата Занымыздың өзінде мемлекеттік тілдің мәртебесі белгіленген. Дегенмен, мемлекеттік тіл туралы дербес заң керек деген пікір қоғамда әлсіз-әлсін туындап отыр. Демек, біздің қоғамда мемлекеттік тіл туралы заңға сұраныс бар деген сөз. Сонымен қатар, Конституцияда «қазақ тілі – мемлекеттік тіл» деген бап бар емес пе? Сол баптың өзі бізге мемлекеттік тілді кеңінен қолдануға, жаппай пайдалануға, барша қазақстандықтың қатынас құралуы болуға мүмкіндік береді. Демек, айдаладағы біреуден тілді талап етпей, өзіміз заң талабын орындауымыз керек. Өзіміз қазақша сөйлеуіміз керек. Енжарлықтан арылу керек деп ойлаймын.

Жалпы қандай заңдар қажет деп ойлайсыз?

Бізге ғылым мен технологияны дамытуға мүмкіндік беретін, жаңа үрдіс пен жаңа заман көріністеріне сай заңдар керек. Ол үшін дамыған елдермен ықпалдастық тереңдей түсуі керек. Сонда әлемдегі үздік елдермен ынтымақтаса отырып, олардың деңгейіне жетуге мүмкіндік болатыны ақиқат.

Тәуелсіздік алғаннан бері заң шығару үрдісінде не өзгерді? Неге қол жетті?

Заң шығару үрдісінде көп қағаздан арылу ісі дамып келеді. Бұрынғыдай заң жобаларын том-том, тарау-тарау етіп қағазға басу азайды. Мүмкіндігінше, электрондық нұсқасын пайдалануға тырысамыз. Жаңа технология күнделікті өмірге дендей еніп келеді. Ақпарат алмасу зор жылдамдыққа ие

болды. Ұялы телефон арқылы айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алып отырмыз. Көзіміз үрейіп кетсе де, ол бізге зор мүмкіндік беріп отыр. Дегенмен, алда не болады деп сәуегейлік айтпай-ақ қояйың. Дұрыс пайдалансақ, осының бәрі адамзатқа қызмет етеді, адам өмірін жақсартады деп түсінемін.

Заң шығару үрдісінде қандай проблема бар?

Қолданыстағы заңдарға құқықтық мониторингті күшейту қажет. Заң жобасының сапасын арттыру – заң шығару процесіне ғалымдарды, жұртшылықтың, үкіметтік емес ұйымдардың және бизнес-қоғамдастықтың өкілдерін тұрақты түрде жұмылдыру қажет. «Ашық НҚА» порталы арқылы заңнамалық бастамаларды талқылауға азаматтарды неғұрлым белсенді тарту қажет. Бүгінде Үкімет тарапынан бұл бағытта нақты қадамдар іске асырылып жатыр. Сенат өз кезегінде заңдарды кеңінен талқылау үшін азаматтармен және сарапшылармен тұрақты кері байланыс орнатып, мәслихат депутаттарымен өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді.

Депутаттардың заң жобасын әзірлеуге деген бастамашылығы артқандай. Бұл нені білдіреді?

Қабылданған заңдардың орындалуында парламенттік бақылауды арттыру тетігі күшейтілді. Депутаттардың заң шығару қызметінің сапасын арттыру процесінде белсенділік байқалады. Сосын, жергілікті жерлерде кездесуге барғанда көптеген ұсыныстар айтылады. Халықты толғандырған сауалдар, заңдардағы құқықтық олқылықтар туралы айтылады. Оның бәрі заң жобасын әзірлеуге ұйытқы болады.

Өзіңіз қандай заңға бастамашы болдыңыз?

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғылым және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына бастамашы болдым. «Жайлы мектеп» бағдарламасы бойынша, 2026 жылға дейін салынатын 800 мектептің қатарындағы жекеменшік мектептердің лицензия алуына (талапқа сәйкес келуі) ерекше назар аударылуы керек. Кезінде лицензияны жаңадан ашылған жоғары оқу орындарына немесе филиалдарына беріп, бүгінгі күні оларды жабумен айналысудамыз. Осы кәсіпті орта білім саласында қайталауымыз керек.

Бұл тұрғыда депутаттарға қандай құзырет қажет деп ойлайсыз?

Депутаттар заңдарды жетілдіруге зор үлес қосады. Сонымен қатар, қоғамды алаңдатып отырған сұрақтар-

ды Үкімет мүшесіне қояды, шешімін табуға тырысады. Ел өміріндегі көкейкесті мәселе туралы депутаттық сауал жолдайды. Сөйтіп, күрделі мәселенің шешімін табуына, адам өмірін жақсартуға аянбай атсалысады. Осының өзі, пайдалана білген адамға жетерлік құзырет.

Тәуелсіздік сізге не берді?

Тәуелсіздік еліміздің дамуына зор серпін берді. Қазақ елінің азаматы ретінде маған да ерекше мүмкіндіктер бергені ақиқат. Ғылыммен айналысып, туған жеріміздегі тарихи тұлғалардың өмірі мен еңбегін зерттедім, іздендім, нәтижеге қол жеткіздім. Бүгінде сенатор ретінде еліміздің болашағы мен азаматтардың жайлы өміріне қажетті заңдарды қабылдау ісіне аянбай атсалысып келемін. Осының бәрі тәуелсіздіктің арқасы екені даусыз. Тәуелсіздік – менің ғана емес, барша қазақстандықтардың бақыты дер едім.

Ел тәуелсіздігін нығайту үшін қандай шаралар қажет? Тәуелсіздік алған кезде қайда болдыңыз?

Тәуелсіздікті нығайту үшін әркім өзіне жүктелген міндетті абыроймен орындау керек. Сапалы жұмыс істеу керек. Ешкім артынан жаман сөз қалдырмау керек. Мәселен, неміс пен жапон халқы өнім өндіруде сапаға баса назар аударды. Содан келіп «неміс сапасы», «жапон өнімі» деген ұғымдар пайда болды. Ол – сапалы өнімге қол жеткізгеннен кейін пайда болған сөздер. Бізге де соған ұмтылу керек. Олардан еш кем емеспіз. «Біз жалқау халықпыз» деген түсініктен арылу керек. Жұмысты ешкімнен кем істемейміз. Демек, қолымыздан бәрі келеді.

Тәуелсіздік алған кезде Алматы қаласында өмір сүріп жаттық. Зор қуаныштың қашан да күтпеген жерден келетіні белгілі емес пе? Сондай сезімде болдық. Алдында тәуелсіздіктің самалын сезініп жүрсек те, ойда жоқта келген құтты мереке болды. Көл-көкті қуаныш, аласапыран көңіл-күй, жайдары жүз бен шуақты шаттықты сезіндім.

Оқырмандарға жалпы қазақ халқына қандай тілек айтамыз?

Оқырмандарға, барлық қазақстандықтарға мықты денсаулық, бақыт, ырыс-береке, еңбектеріне сәттілік тілеймін! Елімізде бейбітшілік, достық және ынтымақ болсын! Біздің жақсы ниетіміз бен істеріміз Отанымыз – Қазақстан Республикасының өркендеуіне бағытталсын!

Уақыт тауып ой бөліскеніңізге рақмет! Халық игілігіне қызмет ете беріңіз!

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

Мемлекеттік тіл туралы дербес заң керек деген пікір қоғамда әлсіз-әлсін туындап отыр. Демек, біздің қоғамда мемлекеттік тіл туралы заңға сұраныс бар деген сөз. Сонымен қатар, Конституцияда «қазақ тілі – мемлекеттік тіл» деген бап бар емес пе? Сол баптың өзі бізге мемлекеттік тілді кеңінен қолдануға, жаппай пайдалануға, барша қазақстандықтың қатынас құралуы болуға мүмкіндік береді. Демек, айдаладағы біреуден тілді талап етпей, өзіміз заң талабын орындауымыз керек. Өзіміз қазақша сөйлеуіміз керек. Енжарлықтан арылу керек деп ойлаймын.

• ЗАУАЛ

«ЖЕМҚОРЛЫҚ – ІНДЕТ, ОНЫМЕН КҮРЕСУ – МІНДЕТ»

Сыбайлас жемқорлықсыз қоғам құру – кез келген мемлекеттің басты мақсаты. Себебі сыбайлас жемқорлық етек жайған елде даму да, ілгерілеу де болмайды. Бұл кесел азаматтардың болашаққа деген сенімін төмендетіп, билік пен қарапайым халық арасындағы байланысты әлсіретеді. Сондықтан, біздің елімізде сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күрес тәуелсіздік алған кезден бері жүйелі түрде қолға алынып келеді.

Қазақстан – бұрынғы Кеңес одағының шекпенінен шыққан тәуелсіз мемлекеттер ішінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңды алғаш қабылдаған ел. 1998 жылы қолданысқа енгізілген бұл заң қоғамдағы сыбайластық ке-

селіне тосқауыл қойып, азаматтардың құқықтық сауатын көтеруге, мемлекеттік қызметті парақорлықтан таза ұстауға басымызды берді. Кейіннен озық елдердің сыбайлас жемқорлықпен күрестегі тәжірибесі, жеткен жетістіктері сарапта-

лып, кеселмен күрестегі іс-шараларды жаңа заман талабына сай үйлестіру міндеті қойылды. Осыған орай 2015 жылы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң дайындалып, тәжірибеге енгізілді.

Бұл заңның алдыңғы заңнан айырмашылығы баршылық. Ең бастысы, бұл құжатта кеселдің салдарымен емес, себебімен күресуге мән берілген. Өйткені, жауаптылықты көтеріп, жазаны қатайтқаннан сыбайластықтың жойылып кетпейтінін уақыттың өзі дәлелдеді. Сондықтан, жемқорлықтың орын алуына не түрткі болды, қандай тетіктерді енгізгенде сыбайластықтың



алдын алуға болады деген сауалдарға жауап ізделді. Мұндайда жемқорлықты жеңген өркениетті елдердің тәжірибесі дұрыс жол тауып, тиімді әдістерді енгізуде өз пайдасын тигізді. Айталық Сингапур елінде сыбайлас жемқорлық деректері жоққа тән. Оған себеп көп. Соның ішінде сингапурлықтар ашықтық, қызметке қолжетімділікті – жемқорлыққа

қарсы күрестегі басты әдіс деп бағалайды. Сондай-ақ бұл ел азаматтық қоғамның жемқорлыққа қарсы белсенділігін оятып, құқықтық сауатын көтеру бағытында кешенді жұмыстар жүргізген. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы нәтижелі қалыптастырудың жарқын үлгісін де Сингапур тәжірибесінен көруге болады. Міне, осындай дамыған елдердің үздік үл-

гілерін ұлттық менталитетімізге сай қолдану біздің де жемқорлықпен күрестегі іс-шараларымыздың нәтижелі болуына септігін тигізетін талассыз.

Заң үстемдігін орнатып, нағыз құқықтық мемлекет құру үшін, ең алдымен, жемқорлықтың тамырына балта шабу керек. Жемқорлықты тек құзырлы органдардың күш-жігерімен жеңу қиын. Сондықтан, халық арасында ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізуді күшейту маңызды. Бүкіл қоғамды жемқорлықпен күресуге жұмылдырудың пайдасы орасан. «Жемқорлық – індет, онымен күресу – міндет» қағидатын баршаның санасына сіңіру бүкіл мемлекеттік органның ортақ жұмысы болуға тиіс.

Альбина
ЖАРЫЛҒАСЫНҚЫЗЫ,
Бас прокуратураның
жанындағы Құқық қорғау
академиясы Прокурорлық
қадағалау кафедрасының
оқытушысы

• ПӘРМЕН

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ЖАЗА ҚАТАҢ

Әлсізге қорған болған, шарасызға қолдау көрсеткен халықпыз. Соның ішінде әйелге қол көтеру, әлімжеттік таныту ақтауға келмейтін әрекет. Өйткені, әйел-ана – шаңырақтың алтын қазығы, ұрпақ тәрбиесінің алтын діңгегі. Кез келген елдегі қауіпсіздік әйел мен балаға жасалған жайлы жағдай мен көрсетілген қамқорлыққа қарап өлшенетіні де соған байланысты болса керек.



Өкінішке қарай, қоғамда әйелі мен қызын былай қойғанда, туған анасына да қол көтеріп, былапыт сөйлеп жанын жаралайтындар аз емес. Мұны сот тәжірибесінен жиі байқауға болады. Әсіресе, ішімдікке әуес, нашаға тәуелді азаматтардың көпшілігі отбасын асырай алмаған соң, анасының зейнетақысына телміріп күн кешетіні белгілі. Жұмыс істеп жанын қинағысы келмейтін мұндай азаматтардың тепсе темір үзетін шақта зейнеттегі қарияның қолына қарап отырғаны ұят тірлік. Алайда, анасының есебінен күн көрген мұндай азаматтар арақ пен нашаға еліткен кездерінде жақындарының мазасын алып, тыныштығын бұзып, сонымен қоймай былапыт сөз айтуды ар санамайды.

Міне, осындай әлсізге әлімжеттік көрсеткенге тыйым салып, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа тосқауыл қою керектігін ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ерекше атап өтіп, заңнамадағы жауаптылықты

қатайтудың уақыты келгенін ескерткен еді. Мемлекет басшысының тапсырмасына орай отбасындағы зорлық-зомбылыққа қарсы шараларды күшейтуді көздейтін заңдық өзгерістер қолға алынды. Осылайша бұған дейін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс шеңберінде реттеліп келген кейбір құқықбұзушылықтар үшін жауаптылық Қылмыстық кодекске ауыстырылды.

Жаңа толықтыруларға орай бірқатар өзгерістер қолданысқа енгізілді. Мәселен, бұрын жәбірленушілер арыз жазбаған соң, кейде жазған арызын қайтып алған соң зорлықшылар жауаптылықтан сырт қалатын. Қазіргі өзгеріске сай, айыптының үстінен іс қозғау үшін жәбірленушінің арыз жазуы міндетті емес. Оқиганың орын алғаны туралы куәгерлердің хабарламасы да зорлықшыны жауаптылыққа тартуға жеткілікті. Сондай-ақ тараптардың сотта татуласып, ортақ шешімге келуі бойын-

ша да өзгеріс бар. Соған орай енді құқық бұзушының жәбірленушімен татуласуына бір ғана мүмкіндік берілетінін ескерген жөн. Тұрмыстық жанжал қайталанған жағдайда тараптарды татуластыруға соттың заң бойынша құқығы болмайды.

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа тосқауыл қоюды көздейтін заңның қоғамдағы орны бөлек. Бұл заң ұрып-соғуды және денсаулыққа жеңіл зиян келтіруді әкімшілік жауапкершіліктен қылмыстық жауапкершілікке жатқызып, жазасын қатаңдатты. Бұған қоса, отбасында зорлық-зомбылық жасаған адамдардың агрессивті мінез-құлқын өзгерту үшін сотқа психологиялық көмек көрсетуді міндеттеу уәкілеттігі беріліп отыр.

Осы ретте Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте де айтарлықтай өзгеріс орын алғанын айта кеткен орынды. Жаңашылдыққа орай ӘҚБтК-нің 73-1-бабы (Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру) және 73-2-бабы (Ұрып-соғу) Қылмыстық кодекстің құрамына енгізілді. Ал құқық бұзушымен отбасы-тұрмыстық қатынастардағы адамдарға сыйламаушылық көрсетіліп, былапыт сөйлеу, қорлап тиісу, кемсіту, үй тұрмысындағы заттарды бүлдіру және олардың тыныштығын бұзатын, тұрғын үйде жасалған басқа да әрекеттер, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса ӘҚБтК-мен сараланып, айыпты азаматқа ескерту жасау не бес тәулікке әкімшілік қамаққа алу жазасы тағайындалады. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалса, айыпты он тәулікке әкімшілік қамаққа алынады.

Заңдағы жазаның қатайтылуы отбасындағы зорлық-зомбылықты азайтып, тараптар арасындағы сыйластықты сақтайды деген сенімдемеміз.

Г.АЗАМАТ,
Атырау қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі сотының судьясы

• САРАП

Қолданыстағы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекске сәйкес, әкімшілік іс жүргізу ауызша және жазбаша жүргізіледі. Сотта жазбаша іс жүргізу тараптардың келісімімен жүргізіледі.

ӘКІМШІЛІК ІСТЕГІ ЖАЗБАША ІС ЖҮРГІЗУ

Әкімшілік істі жазбаша талқылауда ақылға қонымды, бірақ талап қойылған күннен бастап үш айдан аспайтын мерзімде қарауға жатады. Аса күрделі әкімшілік істер бойынша бұл мерзім соттың уәжді ұйғарымымен ақылға қонымды, бірақ үш айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Жазбаша іс жүргізудің бір ерекшелігі, егер бұл істі дұрыс шешу үшін қажет болса, сот өз қалауы бойынша ауызша талқылауға көшуге құқылы. Қажетті ауызша сот талқылауын өткізгеннен кейін жазбаша іс жүргізуді одан әрі жүзеге асыру қосымша ұйғарымдар шығарылмастан жалғасады.

Әкімшілік іс осындай тәртіппен қаралған кезде сот тараптар ұсынған және өз бастамасы бойынша талап етілген дәлелдемелерді зерттейді және олар бойынша шешім қабылданады.

Жазбаша іс жүргізу тәртібімен қаралған әкімшілік іс бойынша шешім жазбаша іс жүргізу мәніне сәйкес келетін қағидалар ескеріле отырып қабылданады және оған апелляциялық, кассациялық тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

Яғни, жазбаша талқылаудың ерекшеліктері:

- жазбаша талқылауға тараптардың келісімі;
- әкімшілік іс ауызша сот отырысын өткізуді қажет етпейді;



Гүлмира МЕКЕМБАЙҚЫЗЫ,
Түркістан облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

- сот тараптар ұсынған және өз бастамасымен сұратқан дәлелдемелерін зерттейді, сол бойынша шешім қабылдайды;

- сот жеке процестік әрекетті жасау немесе процестік мәселені шешу үшін ауызша сот отырысын тағайындауы мүмкін;

- қажетті ауызша сот талқылауын өткізгеннен кейін жазбаша іс жүргізуді одан әрі жүзеге асыру жалғасады.

Жазбаша талқылаудың тиімділігі ретінде тараптардың уақыты мен қаржысын үнемдеуді айтуға болады, өйткені жазбаша іс жүргізуде әкімшілік іске қатысушылардың сотқа келуі, сот отырысына қатысуы қажет етілмейді.

• КИЕ

ҚАЗАҚША СӨЙЛЕЙТІНДЕР САНЫ АРТУДА

Қазақ тілін қалыптастыру процесі ұлттың қалыптасуымен қатар жүреді. Бұл ретте, қазақтардың қоғамдық-экономикалық өмірінің дамуына қарай пайда болған жаңа сөздер есебінен, сондай-ақ басқа халықтардан енген сөздердің түрленуі арқылы тілді байыту процесі үздіксіз жүргізілді.

Мысалы, әдеби қазақ тілінде араб және парсы тілдерінен енген көптеген сөздер кездеседі – бұл халықтардың көптеген ғасырлар бойы қазақтар мен басқа түркілерге орасан зор діни және мәдени әсері болғанын көрсетеді.

Сөздік қорының өсуімен бірге тілдің грамматикалық құрылымы да жақсарды. XV ғасырға қарай қазақ тілі өзінің айрықша белгілері бар толық дербес тілге айналды. Мысалы, онда нақты диалектілік бөліну болған жоқ, тек шамалы лексикалық және фонетикалық ерекшеліктері болды. Қазақ тілінің бұл айырмашылығы басқа факторлармен қатар, қазақ этносының шоғырлануына ықпал етті деп болжауға болады.

Тарихи тұрғыдан алғанда, қазақ жерінен басқа, Қазақстан аумағын қоса алғанда, Ресейде, Өзбекстанда, Түрікменстанда, Қырғызстанда, сондай-ақ Қытайда, Моңғолияда, Ауғанстанда, Пәкістанда және Түркияда қазақ тілі кең таралған. Бүгінде қазақтар Еуропаның, Таяу Шығыстың көптеген елдерінде, АҚШ пен Канадада, Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде тұрақты немесе уақытша тұрады. Сондықтан, қазақ тілі тек табысты дамып қана қоймай, сөйлеушілердің саны мен таралу

аумағы бойынша да өсіп келеді деп санауға болады.

Қазіргі таңда, мемлекеттік органдарда қазақ тілін дәріптеу бойынша іс-шаралар жүргізілуде, өйткені мемлекеттік органға жұмысқа қабылдау кезінде ең бастысы талап – бірінші кезекте мемлекеттік тілді білу. Яғни, адам қандай этникалық топқа жатса да, мемлекеттік тілді білуге міндетті болуы керек, бұл дұрыс қадам деп есептеймін.

Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық салаларында қолданылатын мемлекеттік басқару, заңнама, сот ісін жүргізу және іс жүргізу тілі. Демек, мемлекеттік тілдің аясы кең, ол одан әрі де қолданыс тілі ретінде өз пәрменін күшейте беріледі.

Әлішер МАМАЙ,
Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының бас маманы – сот отырысының хатшысы

• ИГІ ІС

МАЙТАЛМАНДАР МАРАПАТТАЛДЫ



Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде «Үздік маман» байқауы болып өтті. Дәстүрге айналған бұл байқау 2012 жылдан бері өткізіліп келеді.

Шараны ашқан Бірінші проректор Еркін Дүйсенов жеңімпаздарға жүрекжарды лебізін білдіріп, университет әрдайым қызметкерге зор құрметпен қарайтынын жеткізді. ҚазҰУ – Қазақстан мен Орта Азияның 200 үздік университетінің қатарына енген алғашқы және бірден бір университет. Мұндай дәрежеге жетуге университеттің әрбір қызметкері еңбек сіңірді. Соның ішінде университеттің осындай толымды табыстарға жетуіне үлесін қосып, жаңашылдықтардың басында жүрген, үздік нәтиже көрсеткендерді анықтау, көпшілік алдында марапаттау аса маңызды.

ҚазҰУ қызметкерлерінің «Парасат» кәсіподағының төрағасы Т.Мекебаевтың айтуынша, «Үздік маман» байқауы кәсіпо-

дақтың университет басшылығымен бірлесіп өткізетін бірегей шарасы. Байқаудың мақсаты қосалқы қызметкерлер қатарынан ҚазҰУ-дың үздік мамандарын анықтау ғана емес, сонымен қатар оларды әлеуметтік қолдау және жігерлендіру.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың жолдауында айтылғандай: «Адал, тынымсыз еңбегімен табысқа жеткен адамдар әрдайым сый-құрметке бөленуге тиіс. Бұл біздің «Жауапты азамат – Адал еңбек – Нәтижелі табыс» қағидатымызға толықтай сай келеді. Біздің қоғамдағы еңбексүйгіштік пен кәсібилік құндылықтары ұдайы алғашқы орында болуы қажет. Өзінің шынайы мамандарының арқасында ұлтымыздың жаңа сапасы қалыптасады. Сон-

дықтан біз адам еңбегінің мәртебесін арттыру үшін дөйекті шараларды қабылдауды жалғастырамыз» деген сөзі байқаудың басты ұстанымы.

Байқауға университетте кемінде 2 жыл жұмыс істеген қызметкерлер қатысады. Маман байқауға үш жылда бір рет қатыса алады. Ол үшін кәсіподақ комитетіне үміткер көрсетілген ұсынымын жолдайды, оған кәсіподақ жетекшісі мен бөлімше басшысы қол қояды. Қатысушы өзі туралы әңгімелеген бейнероликті де тапсырады.

2024 жылы «Үздік маман» атағы үшін 25 адам сайысқа түсті. Олардың арасында барлық факультеттің өкілдері – кафедра, деканат, зертхана мамандары бар. Биыл байқауға сондай-ақ Академиялық мәселелер департаменті, Ақпарат және коммуникациялар департаменті, IT құрылымды дамыту департаменті, Өндірістік қамсыздандыру департаменті, Ұлттық кітапхана, Әскери кафедра мен АРТ орталық қызметкерлері қатысты.

Жеңімпаздарды анықтау кезінде мынадай өлшемшарттар ескерілді: университеттегі жұмыс өтілі, кәсіптік міндеттерін мүлтіксіз орындау, университет пен өз бөлімшесінің өміріне қатысу, кәсіподақтағы белсенді қызмет, «Парасат» кәсіподағы мен бөлімше кәсіподақ бюросы өткізетін шараларды ұйымдастыру және қатысу. Жүлделі орын алғандар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қызметкерлері «Парасат» кәсіподағының құрметті дипломымен және жүлделерімен марапатталады. Кәсіподақтың әлеуметтік желілеріне жеңімпаздардың еңбек қызметтері туралы бейнероликтер салынады. Дауыс беру арқылы ең көп «лүпіл» жинап, сондай-ақ ең үздік түсініктеме жазылғандар жеңімпаз боп танылады.

Заң факультеті азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының жетекшісі маманы Айдана Оралбекованың айтуынша, осындай байқаулар мамандарды барынша сапалы еңбек етуге жұмылдырады. Әрі олардың өсуіне, алға дамуына серпін береді.

О.ЛОЖНИКОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кәсіподағы төрағасының орынбасары
С.ТЫНЫБЕКОВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының профессоры



ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ

Елімізде жария-құқықтық дауларға қатысты азаматтар ренішінің көбеюі, әкімшілік істерді қарағанда мемлекеттік құрылымдар мен жеке және заңды тұлғалар арасында мүмкіндіктің тең болмауы әкімшілік әділет институтын жандандырып, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің қолданысқа енгізілуіне, жаңа әкімшілік соттардың құрылуына жол ашты.

ЖАҢАШЫЛДЫҚ БАСТАУЫ

Бүгінде қарапайым халық жаңа заңның да, жаңа соттардың да жұмысынан хабардар. Мемлекеттік органдардың әрекетіне не әрекетсіздігіне көңілі толмаған жағдайда, сот арқылы құқығын қорғауға болатынына көпшіліктің көзі жеткен. Статистикалық мәліметтер көрсеткендей, 2021 жылдан бері әкімшілік талап қоюлардың саны жылдан жылға өскенін байқау қиын емес.

Оның ішінде, сот орындаушыларының әрекеттеріне дау айту, салық, жер, тұрғын-үй санатындағы даулар бойынша талап қоюлар басым екені байқалады. Әкімшілік талап қоюлардың ұлғаюы халықтың жаңа әкімшілік сот төрелігіне деген сенімінің артқанын көрсетсе керек.

Десек те, әкімшілік әділет институтының табиғатын, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің артықшылығын түсіндіру, таныстыру бағытындағы жұмыстарды үнемі назарда ұстау керек. Бұл халықтың құқығын, мүддесін сапалы қорғауда аса маңызды.

Әкімшілік әділет – билік тарапынан орын алған бұзушылықтар мен теріс әрекеттерден адам құқықтарын қорғаудың сот механизмі. Әлемнің көптеген мемлекетінде мұндай жүйе бұрыннан бар, және өзінің қоғамға қажеттілігін әлдеқашан дәлелдеген.

Әкімшілік әділеттің басымдығы аз емес.

Заңнаманың ең басты жетістігі – даудағы барлық күмәндар, қайшылықтар мен көмекшіліктер азаматтар пайдасына түсіндірілетінінде. Яғни, мемлекеттік құрылымдар әрекетіне шағымданған азаматтарға енді өз сөзін дәлелдеу міндетті емес. Бұл ретте дәлелдеу ауырталығы мемлекеттік органдарға жүктеледі, ал барлық күмәндар азаматтар мен бизнестің пайдасына түсіндіріледі. Әкімшілік соттар бұл талаптарды мемлекеттік аппараттың кінәсінің презумпциясы қағидаты бойынша қарайды. Сәйкесінше мемлекеттік құрылым өз шешімінің, әрекетінің не әрекетсіздігінің заңдылығы мен негізділігін дәлелдеуге тиіс.

Тағы бір қағидат – соттың белсенді рөлі. Сот өз бастамасы бойынша дәлелдемелер жинайды, даудың мән-жайларын зерттейді, талаптардағы ресми қателіктерді жоюға көмектеседі. Мұның өзі азаматтардың сотқа, өзіне деген сенімін нығайтатын тетік.

ӘРПК-нің келесі бір жаңашылдығы – әкімшілік соттың сот шешімдерінің орындалуын қатаң бақылауымен байланысты. Сондай-ақ, бұл кодексте жауапкерді сот шешімін орындауға процестік мәжбүрлеу шарасы бекітілген. Соған сәйкес, судья мәжбүрлеу тетігі ретінде ақшалай өндіріп алуды сот

шешімі орындалғанға дейін бірнеше рет қолдануға құқылы. Ақшалай өндіріп алу мөлшері 50-ден 100 АЕК-ке дейінгі қаржыны құрайды.

Кодекстің талаптары әкімшілік органдар жауапкершілігін арттырғаны анық. Мысалы, шағым түскен мекеме өзінің дұрыстығын дәлелдеумен қатар, қажетті құжаттар мен мәліметтерді дер уақытында ұсынуға міндетті. Егер олардың әрекеті немесе әрекетсіздігі істің созылуына әкелсе, онда сот ол үшін 10 АЕК мөлшерінде ақшалай өндіріп алуды қолдануға құқылы.

Кодекстің тағы бір ерекшелігі – заңнама талап қоюды қабылдау және қарау рәсімін айтарлықтай жеңілдетті. Ең бастысы, сот талап қоюды қараусыз қалдыра алмайды, талап қоюды қабылдаудан бас тарта алмайды не дау бойынша іс жүргізуді тоқтата алмайды. Яғни, егер дау сотқа дейін реттелмеген болса, талапты іс-әрекетке қабілетсіз адам берсе, осы соттың қарауына жатпаса, мемлекеттік баж төленбесе және т.б. себептерді басшылыққа алған сот кемшіліктерді түзеуді көрсете отырып, талапты тек қайтаруға ғана құқылы.

Талап қоюдың ақылға қонымды, яғни, 3 айдан аспайтын мерзімде қаралып, шешілуі де азаматтарды әуре-сарсаңнан арылтатын тиімді тетік деп бағалаған жөн.

Заңмен бұдан да басқа ақшалай өндіріп алу шаралары көзделген. Бірақ, олар, яғни, әкімшілік айыппұл түріндегі әкімшілік жаза, әкімшілік жауаптылыққа тарту болып саналмайды.

Жалпы, әкімшілік әділет институты тәжірибеге енгізілген үш жыл ішінде жария-құқықтық дауларды реттеуде оң өзгерістер орын алды. Бұл азаматтардың сот жүйесіне, сол арқылы мемлекеттік билікке деген сенімін нығайтқаны күмәнсіз.

Н.ЖАНЫБЕКОВА,
Көкпекті аудандық сотының
төрағасы
АБАЙ ОБЛЫСЫ

КЕСЕЛ

ПАРАҚОРЛЫҚ – КЕРІ ТЕЖЕГІШ

Теріс жолмен тапқан ақша – түбі терең, шеті жоқ үңгір тәрізді. Сыбайлас жемқорлық ауыр дерт. Оны қоғам болып түп тамырымен жоюға тырысу парыз. Ал оның жолы профилактикалық іс-шараларды көптеп жүргізуге байланысты.

Парақорлық – қоғамның дамуына кері әсерін тигізетін тежегіш. Бұл дерт таралмай, жалпыға бірдей жайылмай тұрып оған қарсы қоғамдық сананы қалыптастыру міндет.

Саналы ұрпақ тәрбиелеу, өркениетке ұмтылған жастардың таза болашағы үшін дұрыс бағдарды тандап, жөн көрсету алдыңғы буынның алдында тұрған үлкен жүк. Әр іс өз қиындығымен келеді, алайда сол істі заңмен белгіленген тәртіппен, әділет жолын ұстаным еткенде ғана ол іс нәтиже береді.

Сыбайластық жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға Қазақстан Республикасының әр азаматы өз үлесін қосса, еліміздің мәртебесін көтеріп, абыройлы дәреженің шыңына көтерілетіні сөзсіз.

Алмагүл ДУСИМОВА,
Маңғыстау облысы кәметекке толмағандардың істері
жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

ТЕХНОЛОГИЯ

Казіргі таңда барлық өркениетті елдерде және Қазақстанның Еуразиялық аймаққа кіруі, XXI ғасырға қадам басуы жаңа техника мен технология үдерістерінің дамуына қатты көңіл бөлдірді.

АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІ ӨЗЕКТІ

Ақпаратты қорғау – ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған шаралар кешенінде, яғни, ақпараттарды қорғау, деректерді енгізу, сақтау, өңдеу және тасымалдау үшін қолданылатын ақпарат пен қорлардың тұтастығы.

Автоматтандырылған жүйеде автоматты құрылғылар басқару объектісінен ақпарат жинақтауды, оны жеткізуді, түрлендіруді және өңдеуді, басқарушы командаларды қалыптастыруды және басқарылатын объектіде олардың орындалуын жүзеге асыратын қызметтер жүзеге асады.

Жалпы тәжірибе жүзінде ақпараттық қауіпсіздікте қорғалатын ақпараттың келесі негізгі қасиеттері құпиялану, яғни, ақпаратқа тек заңды

пайдаланушылар, тұтастық, тек заңды және сәйкестік өкілдігі бар пайдаланушылар және қолдану қолайлылығы, қорғалатын ақпаратқа заңды пайдаланушыларға бөгетсіз қолданудың кепілдігі қарастырылады.

Ақпараттық қауіпсіздік мәселелері қалыптасқан кезеңнен бастап, бар ақпараттың сипатын ескере отырып, дербес компьютерлер мен ноутбуктер сияқты электрондық құрылғылар вирусқа қарсы бағдарламамен (антивирус бағдарламасы) қамтамасыз етілуі қажет.

М.МАДИЯРОВА,
ҚР Сот әкімшілігінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің ақпараттық технологиялар бөлімінің бас маманы

ТАРАТУ

2. «Singularity Technologies» (Сингуларити Текнолоджис) ЖШС (БСН 241140010329) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 050052, Алматы қаласы, Өуезов ауданы, Тауғұл-3 ықшам ауданы, Дауылбаев көшесі, 17/7 үй, тел. 87025300795.

4. «Дастархан-Той» ЖШС-і, БСН 050940002304 (Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 99-үй, н. п. 14) «Сауда» филиалының ерікті түрде таратылғаны туралы хабарлайды БСН 191041018334 (050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 74 үй/60, н.б. 174). Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 050012, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 99-үй, н. п. 14. Тел.+7 727 313 23 39.

6. «Райхан» ШҚ (БСН 130264011277) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы, Сауран ауданы, Жүйнек ауылдық округі, Шекербұлақ ауылы, Көрпеш көшесі, 1-үй.

7. «СӨТ САПАР» ШҚ (БСН 100464019363) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы, Сауран ауданы, Абай ауылы, Абай көшесі, 106-үй.

9. «ВИТКОМПАНИ» ЖШС (БСН 170240031545) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Құрманғазы көшесі, 168-үй, 29-пәтер.

12. «ASIA TREID» ЖШС (БСН 180240000071) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды қаласы, Қазыбек би ауданы, Войнов-Интернационалистер көшесі, 31-құрылыс, 410-кеңсе.

13. «ТеплоСтройМонтаж-2010» ЖШС (БСН 100340014863) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды қаласы, Қазыбек би ауданы, Лобода көшесі, 29/3 құрылыс.

ӘРТУРДІ

3. «Компания «UNEX STROY» ЖШС (БСН 020340001844) одан «UNEX Company» ЖШС бөлініп шығу арқылы өзінің қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Алмас ықшам ауданы, 207-үй, тел.+77272555747.

5. Жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурс өткізу туралы

ХАБАРЛАНДЫРУ

1. Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы 2025 жылғы 29 қаңтар күні сағат 11.00-де Петропавл қаласы, Интернационал көшесі, 61 үй, 304 кабинет мекенжайы бойынша жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурс (бұдан әрі – Конкурс) өткізу туралы хабарлайды.

Конкурсқа қойылған лоттар туралы толық ақпаратты мына мекенжай бойынша Петропавл қаласы, Интернационал көшесі, 61 үй, 308 кабинет немесе тел. (87152) 33-11-17, 33-86-95 арқылы, сондай-ақ Басқарманың ресми сайтынан dptiad.sko.gov.kz алуға болады.

2. Конкурсқа меншік нысанына қарамастан, меншік құқығында немесе өзге де заңнама негіздерде автокөлік құралдарын иеленуші кез келген жеке және заңды тұлғалар қатыса алады.

3. Конкурсқа қатысуға тілек білдірушілер Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына конкурстық құжаттардың жиынтығын алуға жазбаша өтінімді Петропавл қаласы, Интернационал көшесі, 61 үй, 308 кабинет мекенжайы бойынша ұсынуы тиіс.

4. Конкурстық құжаттарды алуға өтінімдерді қабылдаудың және Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: 2025 жылғы 14 қаңтар сағат 18.00-ге дейін.

5. 2024 жылғы 26 желтоқсан күні сағат 11.00-де № 304 кабинетте конкурстық комиссия конкурсты өткізу мәселелері жөніндегі конкурс алдындағы конференцияны «Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидасына» енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, өткізеді.

6. Анықтама алу үшін телефондар: 33-11-17, 33-86-95. электрондық мекенжай: urtiad@sco.gov.kz

10. Ақтөбе облысы МАЭС 2024 жылғы 17 желтоқсандағы ұйғарымымен «Карташев В.В.» ЖК-не қатысты, ЖСН 780611301902 оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Талаптар мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Сәкенбай Батыр даңғылы, 159Б. Тел. +7 778 427 8892.

Баспасөз – 2025

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғымыз келеді.

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,
заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

БАШҚОРТНЫҢ

8. 2024 жылдың 17 желтоқсанында Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының ұйғарымына сәйкес «Ер-Нұр city» ЖШС-ін (БСН 140740015279) банкрот деп тану туралы азаматтық іс қозғалды.

Қарағанды облыстық сотының судьялар ұжымы мен Қазақстан Республикасының Судьялар одағының Қарағанды облыстық филиалы Шахтинск қалалық сотының отставкадағы судьясы Жанна Мәжитқызы Мырзахметоваға жұбайы

Қанат Ахатұлының
дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы Нұрбол Әлдібаев
облысы 8 701 357 66 84.
Ақтөбе Жансая Есмағанбетова
облысы 8 705 398 62 83.
Атырау Боранбай Ғалиев
облысы 8 775 543 03 80.
Маңғыстау Жазира Әбіл
облысы 8 702 514 54 44.
Қызылорда Гүлбану Мақажан
облысы 8 701 697 39 86.
Түркістан Сейітхан Құлмаханбетов
облысы 8 707 721 19 59.
Шадиар Мекенбайұлы
87757335665
Батыс Нұрлыбек
Қазақстан Рахманов
облысы 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5071 дана
Апталық таралым 10 142 дана

Тапсырыс №105 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31

• ЗАҢ ЖӘНЕ ЗАМАН

«Уәдені бұзған – ұяны бұзғанмен тең», «Ақшадан уәде күшті» деуші еді бабаларымыз. Бұл күнде уәде беру, ант ету, кепіл болу – ойыңдағыны орындау үшін қолданылатын жәй сөзбен тең болып қалды. Кейде адамдардың бас пайдасы үшін небір құйтырқылыққа баратынын көріп еріксіз таңқаласың. Бұған сот тәжірибесінде мысал жеткілікті.

Мысалы, талапкер П. сотқа жүгініп, өзінің үшінші топтағы мүгедек екенін, А. деген азаматқа алданып, 1 млн теңге көлемінде қаржылық шығынға батқанын жеткізді. Сот отырысы барысында белгілі болғандай, П-ға қонырау шалып, өзін «Банк Хоум Кредит» АҚ қызметкерімін деп таныстырған адам біреулердің мұның атынан несие рәсімдеп жатқанын айтып, қауіпсіздік қызметімен байланысуды сұрайды. Артында қауіпсіздік қызметінен деп хабарласқан екінші адам алаяқтардың құрбаны болмас үшін смартфонға арнайы бағдарламаны орнатуды сұрайды. «Жанашырлар» айтқан бағдарламаны орнатқан азамат мобильді құрылғы арқылы «Банк Хоум Кредиттен» 1 млн теңге несие рәсімделіп, артында бұл соманың «ForteBank-тегі» А-деген азаматтың атындағы есепшотқа аударылғанын біледі.

НЕГІЗСІЗ БАЮДЫҢ СОҢЫ ЖАҚСЫЛЫҚҚА АПАРМАЙДЫ

Алаяқтарға алданғанын түсінген азамат несиең пайызы өсіп кетпес үшін қарызды толықтай төлеп құтылған. Бірақ, мұның есебінен негізсіз байығандарды сотқа беріп, 1 млн теңге мен моральдық шығынды жауапкерден өндіруді сұрап сотқа шағымданған. Сот барысында ақшаның қалай аударылып, кімнің шотына түскені банк ұсынған мәліметтер негізінде дәлелін тапты. Ең өкініштісі, бұл іске жауапты болып танылған А. Қылмыстық кодекстің 190-бабы 3-бөлігі 4-тармағы бойынша жауаптылыққа тартылып, Шымкент қаласы әл-Фараби аудандық сотының үкімімен 3 жыл 6 айға бас бостандығынан шектелген. Осының өзі бұл азаматтың аңқау жандар есебінен баюды көздегенін көрсетсе керек.

Істі таразы басына сала келе сот талапкер П-ның талабын қанағаттандырды. Негізсіз 1 млн теңгені иеленген жауапкер А. бұл соманы талапкерге қайтарумен бірге, мемлекет кірісіне он мың теңге мемлекеттік баж төлейді.

Сенімге қиянат жасап, заңсыз баюдың тағы бір көрінісін мына бір істен байқауға болады. Сотқа жүгінген Я. деген азамат 2024 жылдың маусым айында инстаграмнан скутерлерді сату туралы хабарландыруды көріп, ыңғайлысын таңдап, көрсетілген «WhatsApp» нөміріне хабарласады. Өзін скутерлерді көтерме бағамен сатудың маманы деп таныстырған Н. талапкерге 1 097 700 теңге сома-

сына төлем жасау керектігін айтып, шот қояды. Әрі «Kaspi Bank» арқылы төлеген кезде Қазақстан бойынша жеткізу тегін екенін жеткізеді. Алайда, 1 097 700 теңгені 24 айға бөліп төлеуге келіскен жауапкер осы күнге дейін уәде етілген тауарды алмаған. Несие болса ай сайын күнінен жаңылмай келіп тұр, тауар болса жоқ. Ақыры шыдамы таусылған азамат Я. өз құқығын сот арқылы қорғап, жеткізілмеген тауар үшін төлеген 1 097 700 теңге мен мемлекеттік бажды төлеу бойынша шығыстарды және өкілдік шығыс ретінде 120 000 теңгені өндіріп алуды сұрады.

Іс материалдарынан белгілі болғандай, талапкер несие лимиті бойынша соманы алып, жауапкердің есепшотына төлеген. Ал «Kaspi Bank» АҚ-дан түскен 1 097 700 теңге қаражат жауапкердің шотына «ZERE» ЖК сату ретінде жіберілгені анықталды. Осыдан кейін жауапкер өз шотынан алдымен 500 мың теңгені, артынан 822 618 теңгені үшінші тұлғаның шотына аударған. Сот отырысына куә ретінде шақырылған М.Б. бейтаныс адам ақшасын шеше алмай тұрғанын айтып, «егер карточканыңға аударған ақшаны қолма-қол шығарып берсеңіз, 10 мың теңге сыйақы беремін» деп өтінгенін алға тартты. Міне, осының өзі жауапкердің өзіне жүктелген міндеттемені орындауды ойламағанын, керісінше заңсыз баюды мақсат еткенін көрсетеді.



Гүлмира РАХИМБАЕВА,
Шымкент қаласы азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотының судьясы

Істі зерделей келе сот талапкер Я.-ның жауапкер «ZERE» жеке кәсіпкеріне соманы өндіріп алу туралы талабын қанағаттандыруға шешім қабылдады. Шешімге сай, жауапкер 1 097 700 теңгеммен қоса, мемлекеттік бажды төлеу бойынша шығыстарды, өкілдік шығыстарды төлеуге міндеттелді.

• ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘНГІМЕ

– Фарида Дәркенқызы, шетелдік кеңесшілер мен сарапшылар қызметіне жүгіну заңды жүргізіліп жатыр ма?

– Егер шетелдік кеңесшілерді тарту қолданыстағы заңнама шеңберінде жүзеге асырылса, әрине, бұл заңды. Алайда, басты мәселе – осы компаниялардың өз рөлінен асып, стратегиялық шешімдерге әсер ету арқылы мемлекеттің егемендігіне нұқсан келтіруінде болып отыр. Экономикалық тұрғыдан кеңесшілерге жүгіну қымбатқа түсуі мүмкін, өйткені кейбір жағдайда олардың қызметіне жұмсалатын шығын атқарылатын жұмыстың тиімділігіне сай келмейді. Саяси тұрғыдан алғанда, бұл сыңға ұшырайды, өйткені негізгі функциялар мен деректерді шетелдік компанияларға беру көбінесе елдің тәуелсіздігі мен оның ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төндіреді. Мысалы, Қазақстан Ұлттық банкінің Rothschild-пен ынтымақтастығы және «Қазақстан темір жолы» АҚ, McKinsey сияқты ірі кәсіпорындар үшін стратегияларды әзірлеу туралы деректер осындай компаниялардың түйінді құрылымдарға айтарлықтай енгенін айғақтайды. Сонымен қатар, шетелдік консалтингтік компаниялар жұмысы көбінесе мемлекеттің шешім қабылдау процесіне теріс ықпал етеді. Ұзақ мерзімді перспективада бұл тәжірибе сыртқы сарапшыларға тәуелділікті арттыра отырып, ішкі стратегиялық басқару дағдысын жоғалтуға әкелуі мүмкін.

– Шетелдік консалтингтік компаниялар қызметі ел тәуелсіздігіне қаншалықты қауіп төндіреді?

– McKinsey, BCG және «үлкен төрттік» өкілдері сияқты шетелдік консалтингтік компаниялар мемлекеттік органдар функциясын белсенді түрде алмастырады, яғни бұл мемлекеттік органдар тәуелсіздігін әлсіретеді. Мысалы, бұл компаниялар мемлекеттік кәсіпорындарға арналған стратегияларды әзірлейді және тұжырымдамалар ұсынады, содан кейін олар жоғары деңгейде шешім қабылдауға негіз болады. Бұл стратегиялық процестерді бақылауды жоғалтуға және сыртқы сарапшыларға тәуелділікті тудыруға әкеледі. Қазақстандық тәжірибе көрсеткендей, мұндай компаниялар құпия ақпаратқа қол жеткізе алады, бұл үшінші тараптар мүддесі үшін пайдаланылуы мүмкін. Сонымен қатар, еліміздің шетелдік кеңесшілерге тәуелділігі басқа да аспектілерден көрінеді. Олар негізгі стратегияны әзірлеп қоймай, Қазақстандағы аудиторлық қызметті реформалау арқылы іс жүзінде «үлкен төрттік» позициясын нығайту секілді заңнамаға да әсер етеді. Мұндай компаниялардың ұлттық қауіпсіздік пен стратегиялық нысандарға қатысты бағдарламаларды әзірлеуге қатысуы деректердің сыртқа шығып кетуі қауіпін тудырады және ішкі процестерді бақылауды жоғалтады. Мысал ретінде Оңтүстік Африкадағы McKinsey ынтымақтастығын келтіруге болады. Олардың мемлекеттік компаниялардың қатысуымен сыбайлас жемқорлық схемаларына қатысқандығы анықталған. Ал Грекия, Бразилия сияқты елдердің тәжірибесі халықаралық кеңесшілердің ұсынысы көбінесе ұзақ мерзімді экономикалық шығындар мен

әлеуметтік тұрақсыздыққа әкелетінін көрсетеді.

Шетелдік кеңесшілер Халықаралық валюта қоры және Дүниежүзілік банк сияқты шетелдік қаржы институттарының агенттері болып табылады. Халықаралық валюта қоры мен Дүниежүзілік банк басқа елдерде ұсынған және шетелдік кеңесшілер алға тартқан әртүрлі реформалар көбінесе дағдарысқа әкелгенін де ұмытпау қажет (Югославия, Греция, Ресей және т.б.).

– Яғни, шетелдік компанияларды стратегиялық нысандардың аудиті мен консалтингіне тарту деректердің «қолды болып кетуіне» қауіп төндіреді деген күдік негізді ме?

– Бұл алаңдаушылық орынды. Тарих көрсеткендей, деректердің сыртқа шығып кетуіне халықаралық кеңесшілердің қатысуы бар. Мысалы, АҚШ пен Ұлыбританияда «үлкен төрттік» аудиторлары бірнеше рет инсайдерлік

Фарида ЕСІМБАЙ,
Аудиторлық қызмет және қаржылық есептілік ғылыми-зерттеу институтының сарапшысы:

**«ШЕТЕЛДІК КОМПАНИЯЛАР
МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР
ТӘУЕЛСІЗДІГІН ӘЛСІРЕТЕДІ»**

Шетелдік консультанттарды ұсынымдарының теріс салдары үшін жауапкершілікке тарту тетігі жоқ. Мысалы, шетелдік сарапшылар әзірлеген бағдарламалар тиімсіз болған жағдайда, қаржылық ауыртпалық көбінесе кеңесшілерге емес, мемлекеттік бюджетке түседі. Бұл мәселені шешу үшін шетелдік кеңесшілерді тартудан бас тарту керек. Қазақстанда Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі құрылды және осы агенттік жоғарыда аталған функцияларды орындауы тиіс. Алайда, әзірге бұл ұйымның қызметінен нәтиже көрінбейді.

ақпаратты пайдаланды деп айыпталды. Қазақстанда «Самұрық» компанияларының шамамен 82 пайызы және стратегиялық нысандардың 60 пайыздан астамы шетелдік компаниялардың аудитінде. Бұл стратегиялық маңызды ақпараттың «ағып кетуі» қауіпін тудырады.

Бұдан басқа, Қазақстанның Ұлттық банкі сияқты банктердің аудиттеріне шетелдік консультанттардың қатысуы геосаяси немесе экономикалық мақсаттарда пайдаланылуы мүмкін және қаржылық ақпаратты сыртқа кету қауіпін тудырады. Мұндай тәуекелді азайту үшін шетелдік кеңесшілерді стратегиялық нысандарға тарту тәртібін қайта қарау, деректерді қорғау талабын күшейту және олардың сыртқа кетуіне жауапкершілікті енгізу қажет.



қатысушылары үшін тең жағдайды қамтамасыз етіп, мүдделер қақтығысын болдырмай, заңнаманы қайта қарау қажет.

– Біздің аудиторлар мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордың шетелдік консультанттар қызметін сатып алуына мораторий енгізуді, шетелдік сарапшылар қызметін қайта қарауды, Қазақстан заңнамасына ревизия жүргізуді, шетелдік компаниялардың стратегиялық нысандар мен ақпаратқа қол жеткізілімін шектеуді ұсынуда. Бұған не айтасыз?

– Шетелдік консультанттардың қызметіне мораторий енгізу сыртқы сарапшыларға тәуелділікті азайтуға және отандық мамандардың рөлін арттыруға мүмкіндік береді. Заңнаманы тексеру шетелдік құрылымдар мүддесіне зиян келтіретін нормаларды анықтауға және жоюға көмектеседі. Стратегиялық нысандар мен деректерге қол жеткізуді шектеу мемлекеттік қауіпсіздікті қорғаудың маңызды қадамы болады.

Мұндай шаралар басқа елдерде де қолданылған. Мысалы, Австралия мен Ұлыбританияда шетелдік компаниялардың стратегиялық секторлардағы жұмысының ашықтығына қойылатын талаптар күшейтілуде. Қазақстанда мұндай тәсіл жергілікті консалтингтік нарықтың дамуына да ықпал етуі мүмкін. Сонымен қатар, ұлттық мамандар мен компаниялар үшін ынтылдандырушы жағдай жасау олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, капиталдың шетелге

кетуін азайтуға және экономикалық тәуелсіздікті нығайтуға мүмкіндік береді.

– Шетелдік компаниялар көмегімен жасалған түрлі деңгейдегі тұжырымдама, бағдарлама, жобалар нәтижесіз аяқталған жағдайда, бұл үшін заңнамада қандай да бір жауапкершілік қарастырылған ба?

– Шетелдік компаниялар құрған жобалардың тиімсіздігі үшін жауапкершілік қарастырылмаған. Мысалы, Қазақстанда шетелдік кеңесшілер әзірлейтін жобалар көбінесе нәтижесі бойынша нақты міндеттемелермен бірге жүрмейді. Бұл Қазақстан темір жолы сияқты бюджет қаражатын ысырап етуге әкеп соғады. Бұған Қазақстан темір жолының РwC-дің тарифтік саясат бойынша айтарлықтай әсері болмаған консалтациалар үшін 676 млн теңге төлегені мысал бола алады.

Шетелдік консультанттарды ұсынымдарының теріс салдары үшін жауапкершілікке тарту тетігі жоқ. Мысалы, шетелдік сарапшылар әзірлеген бағдарламалар тиімсіз болған жағдайда, қаржылық ауыртпалық көбінесе кеңесшілерге емес, мемлекеттік бюджетке түседі. Бұл мәселені шешу үшін шетелдік кеңесшілерді тартудан бас тарту керек. Қазақстанда Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі құрылды және осы агенттік жоғарыда аталған функцияларды орындауы тиіс. Алайда, әзірге бұл ұйымның қызметінен нәтиже көрінбейді.

– Аудиторлық қызмет туралы заңға қатысты мәселеге қарап, мұнда белгілі бір топтар арасындағы мүдде қайшылығы бар деп айту қаншалықты негізді?

– Мүдделер қақтығысы айқын. «Аудиторлық қызмет туралы» заң қазіргі редакцияда шетелдік компаниялардың үстемдігі үшін жағдай жасайды. Тәуелсіздікті қамтамасыз ететін кәсіби кеңесті іс жүзінде шетелдік құрылым өкілдері бақылайды. Сонымен қатар, реттеуші нормаларды әзірлейтін органдарда шетелдік компаниялардың өкілдігі жаһандық ұйымдар үшін тиімді. Бірақ жергілікті мамандар мүддесіне нұқсан келтіретін ережелерді қалыптастыруға жағдай жасайды. Мысалы, халықаралық сертификаттарды енгізу – бұл ұлттық аудиторлық компанияларды бұзуға бағытталған мақсатты акция. Бірде-бір толық халықаралық сертификаттау қазақ немесе орыс тілдеріне аударылмаған. Барлық «халықаралық» сертификаттар іс жүзінде британдық және американдық болып табылады. Бұл ұлттық нарықтың дамуына нұқсан келтіреді, шетелдік ықпалға тәуелділікті күшейтеді және бәсеке-лестікке жүйелі кедергілер тудырады. Мәселені шешу заңды қайта қарауды, реттеушілердің тәуелсіздігін бақылауды күшейтуді және олардың жұмысындағы жанжалды жағдайларды жоюды талап етеді.

Шетелдік консультанттардың мемлекеттік басқаруға енуіне, олардың квазимемлекеттік сектор шенеуніктері мен қызметкерлерінің лоббизміне байланысты жағдай қадағалау органы мен ұлттық қауіпсіздік органдары тарапынан тергеу нысанасы болуға тиіс. Бірақ әзірге бұл органдардан ешқандай реакция көрінбейді.

– Сұхбатыңызға рақмет.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»